

АҚМЕШІТ жастары



Газет 2013 жылдан
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 23 (404)
10 маусым, 2021 жыл

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Айсамал САНСЫЗБАЕВА,
ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем чемпионы:

АУЫР АТЛЕТИКАНЫ ЖАҚСЫ КӨРГЕН СОҢ, ҚИЫНДЫҒЫНА ҚАРАМАЙМЫН



Өткен аптада Өзбекстанның Ташкент қаласынан Сыр өліне сүйінші хабар жетті. Ауыр атлетикадан 20 жасқа дейінгі жастар арасында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз Айсамал Сансызбаева алтын медальды қоржынға салды. 87 келіден жоғары салмақ дәрежесінде жеңіс тұғырына көтерілген Айсамал қоссаыс қорытындысы бойынша 258 (113+145) келіні бағындырған. Былтыр Перудің Лима қаласында жасөспірімдер арасында өткен Әлем кубогындағы жеңісті жолын абыроймен жалғаса Шиелинің қызымен жарыс арасында жедел сұхбаттастық.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

– Айсамал, Сыр өлінің ғана емес, барша қазақтың мерейін үстем еткен жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Көңіл-күйіңіз қалай? Ташкенттегі байрақты бөсеке қалай өтті? Қарсыластарыңыз да осал болмаған шығар...

– Жарыстан кейінгі көңіл-күйім өте тамаша! Осы жарысқа шығуға ұзақ дайындалдым. Өзіңіз айтқандай, қарсыластарым да мықты болды. Бірақ намысқа тырысып, дүбірлі додада жеңіске жеттік.

– Көз келген жеңістің артында үлкен еңбек тұрады. Жалпы әлемдік додаға дайындық қалай жүргізілді, қанша уақытқа созылды?

– Елдің намысын қорғап, жақсы нәтиже көрсету үшін бес ай бойы үздіксіз дайындалдық. Спортшылармен бірге Алматы облысындағы Төкелі ауылының жанында орналасқан «АІВА» спорт кешенінде жаттығу жұмыстарын жүргіздік. Айта кетейін, қазіргі таңда Ж.Баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде оқимын. Жеңіске жетуіме жаттықтырушыларым Мұхаммед Т.Тұрсыбеков, Арман Абдрахметов, ықпалы зор.

– Ауыр атлетикаға қалай келдіңіз? Ең алғаш шаршы алаңға шыққан сәтті айтып беріңізші... Ата-ананың спортқа деген көзқарасы қандай болды? Отбасыңызда

сідзен өзге спортпен тұрақты айналысатын адам бар ма?

– Спортқа 2014 жылы анам алып келді. Анам жас кезінде дзюдомен айналысқан соң, менің де осы салада жаттыққанымды қалады. Бірақ мен дзюдоға үйрене алмадым. Өзі қарай дзюдоны мүлде ұнатпаған соң, тастап кеттім. Бір қызығы, спортзалда штангы залы да бар-тұғын. Күнде зілтеміршілердің дайындығын көріп жүрген мен ауыр атлетикаға үлкен қызығушылықпен бардым. Бастапқыда ата-анам қызым, бұл – ауыр спорт. Қатыспай-ақ қой» деп қарсылық білдірді. Ал қазір ол кісілер маған сенеді және үнемі қолдайды.

Ең алғаш рет Қазақстанда өткен зілтеміршілер жарысында бірінші орын алдым. Ол кезде кішкентай медальды мойныма таққаным мәз тұғынмын. Құдайға шүкір, қазір бала күнгі жетістігімді әлемдік бөсекелерде жалғастырып келемін.

– Зілтемір көтеру оңай дүние емес. Осы тұрғыда денсаулығыңызға әсері бола ма? Жарақат алған кезде күтімге қанша уақыт қажет?

– Әр спортпен өз қиындығы бар. Расында зілтемір көтеру оңай емес. Бірақ өзім жақсы көріп тұрған соң, қиындығына қараймын. Кейде жарақат та аламын. Бірақ тез-тез жазылып, жарысқа дайындалуым керек. Сондықтан жарақатқа көп мән бермеуге тырысамын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

БАСПАНА ХИТ: ЕНДІ НЕ ІСТЕЙМІЗ?



Айгүл ӨЛШЕРОВА

Әлеуметтік желіде «Баспана хит», «7-20-25» бағдарламасы тоқтайды, мемлекеттік қолдау ретінде бөлінген қаржы аяқталуға жақын» деген хабар тараған күннен бастап халықтың үрейі артты. Себебі бұл бағдарламаның тиімді тұсы көп. Ал ақпараттың рас-өтірігін білу мақсатында Ұлттық банктың ресми парақшасын қарадық.

Ұлттық банк пен 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат жөніндегі шараларды үйлестіру агенттігі Ұлттық Банктің 2023 жылдан бастап мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудан шығуын көздеп отыр. Себебі, 600 миллион теңге көлемінде бекітілген лимит игерілді. Ал «7-20-25» бағдарламасы мерзімі шектеулі 1 триллион теңге шегіндегі лимитке жеткенге дейін жүзеге асырылады.

Көрсетілгендей, жеңілдетілген несие беру, «Баспана хит» бағдарламасын қаржыландыру 2021 жылы аяқталады, ал келер жылы «7-20-25» бағдарламасын қаржыландыру тоқтайды. Сондықтан баспаналы болуға асығу қажет. Себебі, қазір бағдарлама аясында өтініштер екінші кезегі бойы бағдарламаның қаржыландыруға қалдырылып қалып отыр. Нәтижесінде, аталған банктен айлық ақсаңыз немесе тұрақты клиенті болсаңыз, өзге алдың-ала несиеңіз рәсімдеуге рұқсат алуға болады. Банк мақұлдаса, пәтер таңдау мүмкіндігіңіз болады. Өйткені алдың-ала мақұлданып қойған өтініштердің бәріне аталмыш банк ипотека рәсімдеуге тырысады.

– Бағдарлама талабына сай 20 пайыздық бастапқы жарнаны жинақтаймын дегенше бағдарлама аяқталады деген ақпаратты естігенде тебімен жай тұсқандай болды. Содан не керек, айлық алып отырған «Халық» банкке барғанда «бізге берілген лимит өтті» деп кеңесшілер шығарып салды. Қайткенде де баспана алу қажет деп банктің барлығына баруға шешім қабылдадым. «Банкцентркредит» банкіне ғана берілген лимит аяқталмаған екен. Қатты қуанып кеттім. Төлем қабілетімді растап, алдың-ала несие алуға өтініш мақұлданды. Енді пәтер таңдау кірісіп жатырмын, – дейді қала тұрғыны Меруерт Әліева.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ӘКІМГЕ ӘН АРНАҒАН АУЫЛ



Қара жерге шөп шығар,
Шөп дегенің көп шығар,
Газ көретін күнімиз,
Енді бізге жоқ шығар.
Әкім кетті ауысып,
Абыройды тауысып.
Ал біз жүрміз әлі де,
Отын-сумен қауышып.

Бұл – бүгінгі ауыл тұрғындарының әні. 10 жыл күткен газдың жыры үлкен мәселеге айналды деген осы. Тіпті ауыл тұрғындары жиналып, республикалық телеарналарда шақыруға мәжбүр болды. Десе де мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ.

Мөлдір САБЫРЖАН

Күні кеше Әзірлік коммуникациялар орталығы облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасарын шақырып, көгілдір отынмен қамтуға қатысты брифинг ұйымдастырды. Біз «абайлықтар қуанышты жаңалықты қашан естиді?» деген сауалды сала мамандарына жолдадық. Өзгертпей брифинг барысында бұл сұраққа мүлдем жауап ала алмадық. Тікелей эфир арқылы өткізілген брифингте пікір арқылы жолданған сауал қойылмайтын көрінді. Мақалаға қатысты сауалымыздың жауабын ала алмаған екінші жылы бұл. Содан кейін барып «жазбаша жауап береміз» деді. Ақмарал Қыпшақбаева есімді әлеуметтік желі қолданушысынан: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚЖӨ атынан жауап ретінде жолдан отырмын.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының 2020-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасында Қосшыңырау ауылын газдандыруға қаржы қаралмаған. Осыған орай бұл елді мекенді газдандыру жергілікті атқарушы органдардың тарапынан шешілуге тиіс, – деген жауап алдық. Сонда «абайлықтарға быыл да газ келмей ме?» деген сауал туады. Ауыл тұрғындары «газ келеді» деген сенімде жүр еді.

Өне-міне газ келеді деген сеніммен уақыт өткізетін еді. Әр нәрсенің шөп бар демекші, тұрғындардың да шыдамы таусылды. Олар ендігі жерде ауылдың мәселесін өздері шешуге білек сыбана кірісті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бұл мәселенің де шешімін бір жақты етпей, ауыл тұрғындарының көңіл көншімейтіні анық. «Бір қызығы, ауыл әкімдігі тарапынан газ орнатуға өтініш түспеген. Сонда ауыл әкімдігі ауылдың өзекті деген мәселесінен хабардар болмағаны ма? Өзіміздер жыл сайын халық алдында есеп беретінін ескерсек, тұрғындардың «ауылға газ керек» деген өтініші

назарға алынбаған ба?» – дейді ауыл тұрғындары.

Бағдат АРЫСТАНОВ,
ауыл тұрғыны:

– Жекеменшік мекемені шақырайық, соған жеке кіргізеңізші деген сөзді де естідік. Үйіміз кіргізуге міндетті газды біз не себепті кіргізуіміз керек. Бұған ауыл тұрғынының бірінің жағдайы келсе, енді бірінің жағдайы келмейді. Ауылда 3000-ға жуық адам тұратынын ескерсек, оның жартысынан көбінің несие алып, газ кіргізуге мүмкіндігі жоқ. Сондықтан бізде газ мәселесі қиындық тудырып отыр.

«Өне келеді, міне келеді» деп күтуден де шаршадық. Ауыл әкімі ауысты. Күні кеше сайланған әкімнің ауылдың тыныс-тіршілігімен танысуына да біршама уақыт керек. Ең бірінші мәселе, көгілдір отынды шөп беруді бел сенеміз.

«Қала әкімі жақын арада ауылдың тыныс-тіршілігімен танысты. Сон кезде бұл сұрақты ауыл ақсақалдары қойды. Газдың үлкен мәселе болғанын жасыра алмаймын. Газға қатысты жұмыстар жүргізіліп жатыр», – деді ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

«Осы ауылдың тұрғыны ретінде газ жүргізілгенін қалаймын. Он жылдан бері көгілдір отынның иілігін көрген емеспін. Жақын арада газ келеді деген үмітім де үзіліп барады. Быыл да отын, көмірмізді дайындап, пеш жағу жұмыстарын жүргізе беретін сынайымыз», – дейді ауыл тұрғыны Қайрат.

Шаһар басшысы: «Қазіргі уақытта жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуге мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде», – деді ауыл тұрғындарымен кездесуде. Демек нәтиже болады деген үміттіміз. Сейдуали Алайдарұлы жауапкершілігі жоғары, іскер азамат ретінде тұрғындардың тілегін назарға алып, ауылдың күнден күнге дамуына жұмыс жүргізеді деген ойымыз бар.



3 Солақайды сынама!

5 Сәнді нөмірге сұраныс көп

6 Тілеген Бекарыстановтың «Қоғалыққалай құлағары» кітабы жайында

Жалғасы. Басы 1 бетте

БАСПАНА ХИТ: ЕНДІ НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Бағдарлама іске қосылған күннен бастап тұрғындар ең алдымен пәтер таңдаған соң ғана банкке жүгінетін. Енді бәрі керісінше жүзеге асуда. Аталмыш бағдарламаның жабылуы тұрғын үй нарығына қаншалықты әсер ететінін мамандардан сұрастырдық.

– «Баспана хит» бағдарламасына өтініш қабылдау тоқтатылды» деген ақпарат тарағаны рас. Бірақ бұл бағдарлама толық тоқтағанын білдірмейді. Тек белгілі бір уақыт аралығында алдын-ала берілген өтініштердің есебін құрастырып, лимитке қанша қалғанын анықтау мақсатында жасалған шара. Мысалы, «Халық» банк өтініш қабылдауды тоқтатыпты» деген әңгіме естісеңіз, ол «Халық банк» толығымен жабылып қалды дегенді білдірмейді. Тек өтініштердің есебін жасап, лимитті есептеп, тағы да сума қалса, соның барлығын қамтуға әрекет етеді, – дейді экономист сарапшы Ұлан Даулетқали.

Егер «Баспана хит» бағдарламасымен баспаналы бола алмасаңыз, шарты осыған ұқсас «Орда», «Ұмай» ипотекалық бағдарламасына жүгінуге болады. Бірақ бұл екі бағдарламада да бастапқы жарна 20 пайыздан жоғары және үстемақы 12 пайыз екенін естен шығармаңыз.

Нарықта ипотекалық бағдарламаның артуынан тұрғын үй бағасы шырықтады. Оған дәлел Қазақстанның құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының мамандары ұсынған мәліметке сәйкес, 2021 жылдың қаңтарында жаңа баспана нарығында пәтердің бір шаршы метрі 319 мың теңгеге, екінші нарықтағы баспана үшін бір шаршы метрі 245 мың теңгеге бағаланды. Ал Қазақстанның жылжымайтын мүлік федерациясының президенті Ермек Мүсірепов сұраныстағы екі бағдарлама нарықтағы жылжымайтын мүлік құны 10 пайызға дейін, екінші нарықта 15 пайызға

дейін төмендеуі мүмкін екенін айтты.

– Ипотеканың мемлекет субсидиялайтын жалғыз оператор түрінде орталықтандыру жүреді деп күтеміз. Бұл – «Отбасы банк». Жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатып алу, сатып алу құқығымен жалға алу үшін жеңілдігі бар кредиттеудің барлық бағдарламасы осы банк арқылы өтеді. – дейді Жылжымайтын мүлік федерациясының президенті Ермек Мүсірепов.

– Кез келген мемлекеттік бағдарлама әлеуметтік мәселелерді шешуге немесе экономиканың жекелеген салаларын ынталандыруға арналған. «7-20-25» және «Баспана хит» бағдарламасына да осы екі мақсат қойылды.

Ол мақсат орындалды. Бұл бағдарламаның іске қосылуы ипотекалық несиелендіруді екі есеге арттырды. Енді банктер өз клиенттері үшін осындай ұсыныс әзірлеп бастайды да, осылайша Ұлттық банк өзіне

тән емес қызметтен арылады. Бұл бірінші кезекте мемлекеттік бағдарлама операторы емес – Орталық банк. Банктердің ипотекалық несиелерінің дамуын өз бетімен іске асырып жатқанын Ұлттық банктің 2020 жылға арналған статистикасы дәлелдейді. Былтыр 2,3 трлн теңге көлемінде ипотекалық несиелер берілген. Оның ішінде «7-20-25» және «Баспана хит» бағдарламалары бойынша 349,7 млрд болып отыр. Сонымен бағдарламалардың аяқталуы ипотека нарығының жағдайына ешқандай әсер етпейді, – дейді экономист Эльдар Шамсутдинов.

Жалпы сарапшылардың пікірі әртүрлі. Бірі, тұрғын үй арзандайды десе, енді бірі, пайыздық мөлшерлемелің жоғарылауына баға шарықтайды деген пікірде.

Р.С. Ипотекалық бағдарламалардың жабылуы жылжымайтын мүлік нарығына екі бағытта әсер етуі мүмкін. Біріншіден, бәсекелестік ортаның болмауынан екінші нарықтағы тұрғын үй бағасы 10 пайызға арзандауы мүмкін. Себебі, тұрғындар екінші нарықтағы үйлерге тек қана екінші деңгейлі банктер арқылы бастапқы 20 пайыздық жарнамен қол жеткізген болатын. Енді ол бағдарлама аяқталса, халық бір оператор арқылы яғни «Отбасы банкке» жүгінеді. Ал бұл банкте екінші нарықтағы үйді алу үшін сізге баспана құнының 50 пайызын жинақтау міндеттеледі. Сол себепті екінші нарықтағы үйлерге сұраныс төмендеуі әсерінен баға түседі. Екіншіден, екінші деңгейлі банктер 12-15 пайыздық ипотекалық бағдарламалар шығаруы мүмкін. Яғни банктер ипотекалық өнімін қымбаттатады. Ал мұндай өнімдерді халықтың қалтасы көтермеуі мүмкін. Сондықтан екінші нарықтағы үйлерге сұраныс төмендейді. Ал керісінше, бірінші нарықтағы үйлер ішкі сұраныстың артуына байланысты қымбаттауы мүмкін.

"СЫР ДАРЫНЫ" БАЙҚАУЫ



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы бастамалар мен «Ұлы даланың 7 қыры» атты мақаласындағы міндетін жүзеге асыру мақсатында «Сыр дарыны» байқауы ұйымдастырылады.

Бұл туралы Әзірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов, облыстық жастар ресурстық орталығы КММ директорының орынбасары Мақсат Дауылбайұлы мәлімдеді. Байқау 2021 жылдың 10-18 маусым айының аралығында Қызылорда облысына қарасты қала және аудандардағы іріктеу кезеңдерінен басталып, республикалық жас ақындар айтысымен түйінделеді. Байқауда дәстүрлі өнер саласындағы жаңа есімдерді анықтау және бастамаларына қолдау көрсету; облыс жастарының шығармашылық қабілеттерін шыңдау және насихаттау; Сыр сүйелілерінің шығармашылығын дәріптеу арқылы өнер мектептерінің мәртебесін арттыруға басымдық беріледі.

Сондай-ақ байқау жазба ақындық өнер, айтыс, дәстүрлі ән және жыр-терме бағыттары бойынша өткізіледі. Сонымен қатар облыс бойынша іріктеуден өткен жөнімездарға сала мамандарының, танымал дәстүрлі өнер иелерінің танымдық семинарлары, шеберлік сағаты жүргізіледі.

ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ



Қармақшы аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Жастар Одақтары» ҚБ-нің Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесу Ақай елді мекеніндегі №279, №99 және №269, Төретам елді мекеніндегі №85 орта мектептерде ұйымдастырылды. Оған жас мамандар, ауылдық округ жастары, жұмыссыздар Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Ө.Бижанов «Ұлт бірлігі – Қармақшы» ҚБ төрағасы Ш.Құндабаев, Әзілдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны А.Қасымов және Төретам жастары ЖҚБ төрағасы Г.Маханова, аудандық Жастар денсаулық орталығының психологы Ө.Кетебаева және Қызылорда облысы дін істер басқармасының Қармақшы ауданы бойынша теолог маманы Ж.Ысқақов қатысты.

Кездесуде тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасындағы құндылықтар жөнінде әңгіме қозғалып, жастардың ұсыныс, пікірлері тыңдалды.

ТЕГІН ОҚУ КУРСЫ



Әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан жастарға әртүрлі бағытта ақысыз негізде оқу курстарын ұйымдастыру мақсатында облыстық жастар ресурстық орталығы «SpeakUp» оқу орталығы арасындағы «Азара» серіктестігі және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Мақсат – алдағы уақытта Сыр жастарын тілдерді жетік меңгеруге бейімдеу және білім сапасын жақсартумен қатар, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын үш тұғырлы тіл жасауын жүзеге асыру.

Курстың алғашқы сабақтары басталды. Оған 18 бала қатысып, 2 топқа дөріс өткізілді. Нәтижесінде алғашқы сабақтан-ақ балалардың аяқ-алысы жаман емес екенін байқадық, – дейді қолдаушы Гүлзат Тастаева.

ПІКІР САЙЫС

Апта басында Мұстафа Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейі мен Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік – тұғырым» атты оқушылар арасында пікірсайыс түрлі өтті.

Мақсат – Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың еліміздегі пікірсайыс қозғалысын дамыту идеясы негізінде, дебат ойынының жастардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын арттыру және оқушылардың білім мен сөйлеу шеберлігін дамыту.

Нәтижесінде «Парасат» фракциясының мүшелері: Ақжан Үрмеғали, Нұрымжан Жарылқасын чемпион атанса, жүлделі II орынды «21 ғасыр жастары» фракциясының мүшелері: Маз Камаладин, Айдана Сапаралиева иеленді. Ал «Болашақ» фракциясының мүшелері: Ақмұржан Алдабергелі, Ердаулет Кенесбай II орынды жеңіп алды.

Сонымен қатар турнирге қатысқан барлық оқушы



алғис хатпен марапатталды. Ойынның әділ қазылары жастар ресурстық орталығының кеңесшісі Бексұлтан Әткелбай және Қызылорда Жастар

қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ақжан Қалдыбе, Жастар қоғамдық бірлестігінің мүшесі Нұрай Бақыт тәжірибелерін бөлісті.

PHOTO CAMP

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен «National Geographic-іс» ұйымдарының бастамасымен ұйымдастырылған Photo camp жобасына Сыр бойынша Дәниә Хағай мен Нұрай Габит белсенді қатысып, фотошеберліктерін растайтын арнайы сертификатқа ие болды.



Алматыдағы химия-биологиялық бағыттағы Зияткерлік мектеп базасында өткізілген фотоөнерден элективті курскы еліміздің түпкір-түпкірінен 70-ке жуық оқушы мен жетекшілері қатысты. 5 күн бойы қатысушылар әлемнің ербір 8 азаматы оқытын әйгілі National Geographic-іс журналының танымал фотографтарынан білім алып, тәжірибе жинақтады. Кейіпкердің эмоциясын, ішкі жан-дүниесін сезінгенде ғана үздік фотосурет түсіруге болады. Бұл – National Geographic-тің фотошебері Гердт Людвигтің басты лайфхақтарының бірі. Кәсіби маманмен өткен сабақтарда қатысушылар фотоөнердің техникалық компоненттерін талқылап, сапалы сурет жасаудағы негізгі заңдылықтарын меңгерді.

– Бастапқыда мен политология және неміс әдебиеті мамандығы бойынша білім алдым. Бірақ кейін фото өлемі мені ерекше қызықтырды, осы іспен кәсіби тұрғыда айналысуыма түрткі болды. Жақсы, әрі әдемі фотосуреттер адамның жүрегіне жетіп, адамға әсерлі эмоция қалдырады. Мен

сурет арқылы көріністен алған өзімнің әсерімді және өзгелердің эмоциясын жеткізіп отыруды мақсат етемін, – деді Гердт Людвиг.

Курс қатысушыларының шығармашылығын көші бағдарлама аша түсті. Күнделікті әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар теориялық білімдерін практикада жетілдіріп, жеке портфолиоларын жаңа туындылармен толықтырды. Photo camp курсына National Geographic Қазақстандағы өкілдігіндегі кәсіби фотомамандар да сабақ жүргізді. Фотошеберлер көркем фотосуреттің құпияларын ашып, фото жанрлары мен композициясы, жарық және жарықты қолдану рөлін, фотосуреттерді арнайы бағдарламаларда өңдеу бойынша шеберлік сағатын жүргізді.

– Бұл сабақтар мені қатты шабыттандырды. Фото түсіру барысында тәжірибе жасай білуді үйрендім. Әрбір фотода белгілі тарих сипатталуы өте маңызды, – дейді қызылордалық зияткер Нұрай Габит.

ДОМБЫРА – ДУМАН



Тәуелсіздігіміздің тумары, елдігіміздің айбары саналатын рәміздерді ұлықтауға арналған мерекелік бағдарлама «Домбыра – думан» атты жастар кешімен түйінделді.

Өнер алпысында өткен шараға Сырдың белсенді жастары өнер көрсетіп, республика көлемінде танымал Марат Сүгірбай, Жарасқан Төлебай, Ақжол Түменбай, Айдар Сапайұев, Жәнібек Жақсан секілді сырбылшық өнерпаздар думанды жиында қыздыра түсті.

Сонымен қатар «Еркін микрофон» аясында жылған көрерменге өнерлерін ортаға салуға мүмкіндік берілді.

Кештің арнайы қонақтары, эстрада жұлдыздары Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдина келіп, өнерпаздар ортасын толтырды. Тұрғындар алғыс айған жұлдызды жұл өннен шашу шаты.

Кеш соңында Қызылорда облысы жастар ресурстық орталығының директоры Азамат Мүкей думанды кештің арнайы қонақтарына ыстық ітіпатын білдіріп, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың алғыс хатын табыстайды.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ: СЕБЕП ПЕН САЛДАР



Соңғы бес жылда облыста тұрғын үй салу қарқыны дамуда. Мәселен, өткен жылы облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1946 пәтерлік 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оның ішінде 815 пәтерлік 20 үй сатып алу құқығынсыз қалаға берілетін тұрғын үй, 755 пәтерлік 68 үй кредиттік тұрғын үй және 376 пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы жеке компаниялар есебінен жүргізілуде. Тұрғын үй құрылысы артықшымен баспанана мұқтаждар саны азаймай тұр. Мәселен, 2017 жылы өңірде тұрғын үй салуға 24 мың тұрғын кезекте тұрса, биыл 30 мың азамат тіркелген. Оның 12178-і әлеуметтік жағынан осал топ, 3484-і көпбалалы отбасы, 11979-і мемлекеттік және бюджеттік сала қызметшісі және 204-і үй апатты жағдайда тұрған азамат, 2194-і жетім балалар.

Тұрғын үй құрылысы саны артықшымен баспанана мұқтаждар саны азаймауының себебі неде? Мемлекеттік бағдарламаның тиімсіздігінен бе, әлде пысықайлардың араға түсуінен бе? Оның бірнеше себебі барын біріміз білсек те, білмегендей кейін таңытамыз. Соның нәтижесінде баспанана шын мұқтаждар тауқымет көруде. Біріншіден, мемлекет осы уақытқа дейін мемлекеттік қызметшілерді қызметтік баспанаман қамтитын. Қызметкер пәтерде 5 жыл төгін тұрып, кейін жеке меншігіне аудартатын. Тіпті үйді сатып жіберуге құқылы. Кейін араға 5 жыл салып қайта кезекке тұрып, төгін үй алмаса да мемлекеттік бағдарламамен баспаналы болатын. Соңғы уақытта бұл жүйе қатты сығна ұшырап, мемлекеттік қызметкерге төгін үй берілгенмен баспананы жеке меншігіне аудару құжын шектеді. Осы тұста мемлекеттік қызметші тұрғын үйге мұқтаждар қатарына жатпайтынын ескеру керек. Бірақ оларға мұндай құқық қайдан берілгені белгісіз. Өйткені тұрғын үйге мұқтаждар санатына көп балалы аналар, ата-ана қамқорлығынан айырылған бала, әлеуметтік жағынан осал топтар мен мүмкіндігі шектелуі азаматтар кіреді емес пе?

Екіншіден, мемлекеттік бағдарламаның тиімсіз жүзеге асырылуында. Мәселен, «Шанярақ» бағдарламасы арқылы баспаналы болу үшін жеке меншігінде баспана болса да, бұрын тұрғын үй кезегінде болғанын жеткілікті. Сіз мемлекеттік бағдарламаларға қатыспасаңыз. Бұл да кезектің жылжып жатуына себепші болады. Сондықтан тұрғын үй кезегіндегі азаматтың атына баспана тіркелсе, автоматты түрде үй кезегін шығару қажет.

Үшіншіден, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында баспаналы болатындардың басым бөлігі пәтерге мұқтаж емес. Мәселен, «Сол жағалаудан» берілген көп қабатты үйлердің көпшілігі үйі баспанана мұқтаждарға қалаға беріп пайдаға кенелуде. Мұны біріміз білеміз. Бірақ пәтер иелері ипотека бергендер алдында пәтерді жалға беруге ешқандай шектеу енгізілмегенін айтады. Тіпті сатып алу құқығынсыз берілген үйлердің де жалға берілетінін көз көріп жүр. Бірақ мұны құзырлы мекеме тексеріп, бас қатырғысы келмейді. Өзгелерге сабақ болсын деп бірі жарым тұрғынға заң аясында шектеу қойса, төгін үйге мойын созушылар аяқ тартар еді. Осыдан 4 ай бұрын «Сол жағалаудың» 45,50,44 үйлер берілген еді. Қазір үй маңынан өтсеңіз, пәтерлердің бос тұрғанын көресіз. Тіпті тұрып жатқандардың басым бөлігі жалға алынып. Сонда біз пәтерді кімдерге үйлестіріп жатырмыз деген ой келеді. Осы тұста мемлекет «Нұрлы жер» сынды бағдарламаларға әр отбасының 5 жылда бір рет қатысу мүмкіндігін қарастыру керек. Сонда ғана баспанана мұқтаждар қаражат жинақтап боламын дегенше, 5 жыл бұрын мемлекеттік бағдарламамен баспаналы болғандармен бәсекелесей, еркін пәтер таңдау мүмкіндігіне ие болар еді.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

СОЛАҚАЙДЫ СЫНАМА!

Өзім жүрген ортада ата-аналар немесе мұғалімдер солақай балаға оң қолымен жазуды үйретіп жатады. Мектеп қабырғасында солақай оқушыны сыныптастары әжуалайтынын да бірнеше рет көргем. Расында солақай болу кемшілік пе?



Бұрын біздің қоғамда ғана емес, басқа елдерде де солақайлар қауымына теріс көзқарас болған. Егерде солақайлықты кемістік көрген адамдар өздерін солақай жандардан аулақ ұстаған. Бір кездері оларға сотта куәгерлік етуге де тыйым салған көрінеді. Оларға әзіздік деп айып таққан. Мектептерде солақай оқушыларды оң қолымен жазуға, ал үйде ата-аналары оң қолымен жұмыс жасауды, тамақтануды талап етеді. 1985 жылы бірінші сыныпқа барған солақай оқушыларды оң қолмен жазуға мінатқан. Кейін уақыт өте келе зерттеушілер солақай балалар мен басқа оқушылардың мінез-құлқында айырмашылық болатынын байқаған. Солақай балаларда көбіне сезімталдық басым боып, олар ішкінетін кезінен басқа балалармен араласуы өзіне-өзі сурет салып, сызумен айналысатынын аңдаған. Өзіресе, музыка тыңдап,

оны қайталап айтуға әуес болады. Олардың тілі кеш шығуы, кейбір сөздерді қате айтуы мүмкін. Бірақ кейіннен дұрыс сөйлеп кетеді дейді мамандар. Олардың өзінше сенсек, солақай адамдар – сенгіш, нәзік көңілді, көңіл-күйіне қарап қарым-қатынас жасайтын жандар. Олардың ішінде бетке шабатын, ашушаң, дөрекі, қайсар балалар өте аз кездеседі. Бүгінгі күні кұнап оң қолымен әрекет еткізуді бағалау психикасына кері әсер ететіні анықталды. Психолог мамандар солақайлар ерекше күшті мінез бен қарымды шығармашылық потенцияда ие деп санайды. Экономистар солақай адамды сикмрга иемі бар адам деп біледі. Ал солтүстік американдықтар солақайларды жолы ашық адам ретінде бағалайды. Нью-Йорктегі Сэйнт Лоуренс университеті галымдарының зерттеуінің нәтижесі бойынша

ақылдылық коэффициенті солақайларда жоғарырақ болады екен. Мәселен, Альберт Эйнштейн, Исаак Ньютон, Чарльз Дарвин және Бенжамин Франклин солақай болған. Жалпы солақай адамдар тұмысынан дарынды келеді дейді білетіндер. Себебі, ондай жандар өз мектебіне жету үшін әр қандай қиыншылықпен күресуге даяр. Солақайлардың дарынды болуы кездейсоқтық емес, заңдылық. Себебі, солақайларда оң жақ ми бөлігі жақсы дамыған. Ал, оң жақ ми бөлігі – шығармашылыққа яғни «елестету» қабілетіне ие. Солақайлар символды, образды, аппараты тез еңдейді, сонымен қатар параллель ақпаратты игеру олар үшін аса қиындық туғызбайды. Сондықтан солақайлықты табиғат берген ерекшелік деп таныған дұрыс.

Аида АЙТБАЕВА,
ҚМУ-дың студенті

ҚОСШЫҢЫРАУДАН АВТОБУСТЫҢ ШЫҒУЫ ҚИЫН

Қалаға қарасты Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары «қоғамдық көлік мәселесін көтерсең қайтеді» деген өтініш білдірді. Бүгінде уатсаптығы топтар таңсық емес. «Ауыл тұрғындары» деген топта қоғамдық көлік мәселесі де көңінен талқыланды. Бірі үлкен сыйымдылықтағы көлік керек десе, енді бірі қоғамдық көлік соңғы кезекте ауыл тұрғындарын автобусқа мінгізбейді деп шағымданды. Шыны керек, соа ауылда тұрған соң жағдайды көзбен көріп, естіп жүрміз. Сондықтан ауыл тұрғындарының өкпесі орынды.



Сая БИПЛАВОВА,
ауыл тұрғыны:

– Мен де Абай ауылының тұрғынымын. Автобус мәселесі күрделі. Кешкі автобус жүргізушілері қалаға бармайды деп адам алмайды. Жарты сағат ауыл тұрады автобусы (Бағланьң автобусы). Менің жолдасым түні ауысымға жұмысқа барады сағат 18-00-де. Қалаға жету мүм. Ауылдың шет жағынан (корвоникте) автобусың көптенге мез болмады. Сосын жолдан адам алады. Күннің ыстығында іші адамға толы автобусы елестітіп көріңізі. Қорықтып бойынан 40 рет тоқтап адам алады. Адамда қанағат болу керек емес пе? Үлкен кісілерге, аяғы ауыр келіңдеріңізге тым озап. Олар ренішін білдіріп: «Адамды мінгізе бермесендерші» дейді. Оны елп жатқан кондуктор да, жүргізуші де жоқ. Жаңа әкім келді, мәселе шешімін табатын шығар. Рас, Қосшыңырау ауылдық округіне жаңадан әкім тағайындалды. Ендігі ауыл тұрғындарының үміті ауыл әкімінде.

Сейдуали ӨБДІҚАДЫРОВ,
Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі:

– Мен ауылға жаңадан келдім. Әлі толық ауыл мәселесімен танысқан жоқпын. Ауыл тұрғындарында

осындай қиындық болып жатса, шешімін табуға тырысамыз. Тиісті мекемелерге хабарласып, қоғамдық көлік мәселесін назарға алатын боламын. Үлкен сыйымдылықтағы көлікті де, автобусың көші уақытта адам алып, вокзалға баруын да өз қадағалауыма аламын. Бұл – ауыл әкімінің бізге берген уәдесі. Ендігі кезекте ауыл автобусы кесте бойынша бекітілген жерге дейін барады деген үміттеміз. Сосын тұрғындардың жұмысқа баратын уақытында (ауылдан қалаға 7-00, 8-00-де, қаладан ауылға 18.00, 19.00-де) үлкен сыйымдылықта автобус беріледі деп сенеміз.

Ғанибек Қазантаевтың қатысуымен өткен аппараты мәжілісінде қоғамдық көліктердің бағытқа тұрақты және уақытылы шығуын қамтамасыз ету керектігі сөз болған еді. «Қала әкімі қоғамдық көлік мәселесі сызба жұмыстарын жүргізумен шешіп кетпейтінін баса айтып, жауаптыларға қоғамдық көліктердің бағытқа тұрақты уақытылы шығуын қамтамасыз етіп, күнделікті бақылау шараларын жүргізуді жүктеді. Сонымен қатар барлық қоғамдық көлік жүргізушілері мен кондукторларына халықпен байланыс этикасын сақтау мақсатында түсіндіру жұмыстарын күнделікті жүргізіп, әлеуметтік желі арқылы келген азаматтардың

өтініштерін қарау кезінде тиянақтылық таңытып, тұрғындарды әуре сарсаңға салмай, өтініш иесімен тиімді жұмысты жүргізуді тапсырды» деп мәліметке көрсетілген. Олай болса Қосшыңырауға қатынайтын қоғамдық көлік жүргізушілері соңғы аялдаманың схемасын неге өздері сызып алады?

Ауыл тұрғыны Жанат Әбуованың айтуынша, қоғамдық көлік сенбі және жексені күндері өкі сағатта бір қатынайды. Қалған күндері сағат сайын жүреді. Сенбі күні автобус сағат сайын неге жүрмейді? Себебі сенбі күні де жұмыс істейтіндер қатары көп. «Сенбі күні жұмысқа қатынау қиын. Таңғы 8-де ауылға келетін автобус жоқ. Тақси бірде болады. Бірде болмайды. Қалаға баратын адамдарды көп көтеріп тоқтатып аламыз», – дейді Жанат.

Шаһар басшысы Қызылорда автобус паркіне барып, мекеменің жұмысымен танысқан сәтінде «Қала тұрғындарының қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және қаламыздағы көлік қатынасын реттеу мақсатында бұл оқылықтардың тез арада реттеу керек» деген болатын. Қоғамдық көлік қала әкімінің тікелей қадағалауында болса, қалаға қарасты ауылдың мәселесін де назардан тыс қалдырмайды деген үміттеміз.

Мәлдір САБЫРЖАН

ЕСКЕКСІЗ ҚАЙЫҚ

Қазіргі жастардың жасағаны «хайп», жинағаны лайк. Арзан атаққа тура апарар жол деп, «хайп» жасауға құмар-ақ. Жұрт сынай қалса, «қара пиар да – пиар» дегенді алағ тартпады. Осылайша, тез танылау үшін «хайп» жасаушылар әлеуметтік желіге әдепсіз суретін жүктеп қана қоймай, түрлі обрздар ойлап тауып, желіні шулатып жатады. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы қоғамда «фейк», «хайп» секілді көптеген жаңа ұғымдардың қалыптасуына алып келді. Соның ішінде «хайп» деп отырғанымыз жалған атақ құып, пиар немесе өзін-өзі жарнамалауда алдына жан салмайтын жандарға арналған жаңа неологизм. Біреудің қақсығын таңсық көретін мінезіміз жастарға тағы бір жаман әдетті жұқтырып үлгерді. Ол қазіргі буын арсында кең таралып бара жатқан «хайп» термині. Бұрынғылар «Тауықсыз да таң атқан» деуші еді, бірақ қазіргілер тіршілігін хайпсыз елестете алмайтын сияқты. Жалпы, хайп дегеніміз деген не? Осы бір оспадарсыз жолмен жұлдыз болудың ақыры қайда апарарды?

Американдық БАҚ-тың жұмыс істеу әдісі осы хайп болып есептеледі. Бастапқыда бұл термин АҚШ-та 1920 жылдары кеңінен қолданылған. Түпті мағынасы тері астындағы иіне деген мағынаны береді екен. Демек, түп-төркіні нашақорлықпен тығыз байланысты. Қазір бұл сөзді көпшілік өзіне жарнама жасауға пайдаланады. Қазақ айтқан «Атын шықпаса, жер өртенің» кері. Біздің елде дәл осы жолды тандап, танымал болғысы келетіндер көп-ақ. Танымалдығын арттыру үшін жұлдыздарымыз қолданылған жүйе, желіде оқырман санын көбейту үшін түрлі амалға барып жатыр. Бұл да хайп!

Сондықтан хайптан сақтану үшін жоғары проценттер мен көлемелі жобалардан, әсіресе жарнамалардан аулақ болған абзал. Өзіне бұл ретте азаматтық қоғамның қалыптасуына әкелетін әлеуметтік хайптар да бар. Жалпы, хайптың азаматтық секторда белсенді болғаны алдымен тәлімді, Айналыс, мемлекеттік тілді талап еткен шетелдік азаматтың хайптың соң екініші деңгейлі бәткер сервис саясатын қайта қарауға мәжбүр болғаны белгілі. Яғни тұтыну нарығына да талғам тарауы керек.

Өңшілер де, вайнерлер де, жастар да, қарапайым желі қолданушылар да «хайп» жасауға қарсы емес. Біздің елдің блогерлері де адам ақылына қоныссыз дүние жасаудан танынбайды. Үлкендерден гөрі жастарға NNN атымен танымал вайнер



қымбат сағатын қарт Каспий қалауына тығып, Ақтау жұртын бір шұлатқан болатын. Карантин талаптарына қарамастан көп сағатты іздеушілердің қарасы көп болды. Психологтардың айтуынша, бұл құбылыстың алдын алмаса, ертең аяқпаса ауруға айналуы мүмкін екен. Себебі жастарға ғана емес, бүкіл қоғамға қауіп төндіріп тұрғаны рас. Адам өзін-өзі көрсетуі үшін, өзін жоғары бағалап, жұрттың назарына ілігуді қалауы әдетке айналады. Яғни оны қайталамаса, жұрт назары жетіспегеннен өзін өзгенде кем санай бастайды. Ал осындай дәрежеге жетпес үшін олар әрқашан «хайп» жасауға, ел назарын өзіне аударуға тырысумен жүреді. Бұл – кәдімгі ауру. Мұның

жалғыз емі интернет пен ел назарынан тыс та өмір барын білгені. Оның айтуынша, арзан атақ арқылы тез танылғанымен, желіге желімделген жастардың «хайптынан» қайыр жоқ. Себебі ұлттың ұлылығын емес, желінің желіні дүниелерін насихаттайтын мұндай әрекеттер өскелеп ұрпақтың да санасын ұлайды. «Хайп» жасайтындар жұрттың назарын өзіне аударуға құштар. Алайда келер ұрпақтың алдында, ар-намыстың жолында бұл әрекеттің жауабын беру оңайға соқпаса анық. Халқымыздың ұл қыздары ұлы даланың жұлдыздары болғанға не жетсін? Өйтпесе, хайп ескескіз қайы сияқты қайда апарары белгісіз.

Ерхан АҚЫН

МУҒАЛІМ – МАМАНДЫҚ ҰСТАЗДЫҚ – ҚАСИЕТ



– Салтанат Ыдырысқызы, сұхбатымызды сіздің туған жер, ескен өңіріңізден, ата-ананыңдан бастасам...

– Мен №139 Амангелді орта мектебін 8 сыныбын ерекше күйлікпен аяқтап, Қызылорда қаласы, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищесіне оқуға түстім. 1991 жылы оқуымды ойдағыдай бітіріп, өз ауылымдағы мектепке жұмысқа орналастым. Атам Әлімдар Босқаев өз өмірін білім саласына арнаған ұстаз болды. Атамың «өз наныңды адалдап же» деген сөзі ұжымдастарыңның жадында әлі сақталып келеді. Сол кісінің салған сара жолымен әкем Ыдырыс Торғаевта 40 жылдан аса ұстаздық қызмет етті. 25 жылдан аса мектеп директоры қызметінде болды. Ата-анам бірге жұмыс істеген әріптестер еді. Туған әпкеміз Найла мен Ләззат та – ұлағатты ұстаздар. Анам Күлді Торғаева үй шаруасында, бала тәрбиесімен айналысты. Бүгінгі күні 80 жасқа келіп отыр.

– Жұбайыңыз бен балаларыңыз жайлы, келін болып түскен отбасыңыз жайлы өңгімелеп берсеңіз.

– Жұбайым Сағатпен 1993 жылы бас қосып, дүниеге дүниеге 3 ұл, 1 қыз әкелдім. Қазіргі таңда жолдасым Сағат «TURAN group security» компаниясында вахталық әдіспен жұмыс істейді. Екеуміздің де әкеміз ұстаздық қызмет жасаған. Енем Үрлімбет Ерменова да көп жылдар мектеп аспазшысы болған. Екі

отбасым да көпке үлгі бола білген асыл жандар. Тұңғыш ұлым – Еркебұлан электрлік қызметінде. Спортты жағымда жаның тұтқан кейінгі ұлым – Аликзат гір тасын көтерумен айналысады. Ал, кіші ұлым Ринат пен қызым Айзер мектеп қабырғасында. Екеуі де оқу үздігі. Айзер «Нұрбай» бәйбішесіне қатысты. Шымкент, Алматыда ұйымдастырылған конкурстарда жүлделі орындала ие болды. Бала тәрбиесіне келгенде жолдасыммен «үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген қағатты сөзді ұстаным етіп, балаларымызға уядағы жылулықты, ата-ананың махаббатын сіңіріп келеміз.

– Бос уақытыңызды немен өткізесіз? Ұнататын ісіңіз не хоббиіңіз қандай?

Қолым бос кезде өлең шығарғанды ұнататын. Кей кезде мұшайрапарға қатысатыным бар. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, осы өлеңмен урпаққа пайдасы тиісін, ізденіс жолында жүрген әрбір жан өз көрегің апысқан деген ниетпен бірнеше әдістемелік құралдарым жарық көрді.

Адина ЖОМАРТҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың IV КУРС СТУДЕНТІ

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

АМАН БОЛ, АЛТЫН ҰЯ!

Қармақшы ауданы орталығындағы №105 қазық орта мектебін 1981 жылы тәмамдаған 10 "в" сыныбының түлектері 40 жылдан соң туған жерде бас қостық. Кездесудің бірінші күні о дүниелік боп кеткен құрдастарымызды еске алып, Құран бағыштадық. Иә, он жыл бойы мектеп партасында бірге отырып, бірге есейген достармен диалогтасып, сол бір таңғы шықтай тап-таза балалық шақты еске алудың өзі керемет! Өмір-өзен ағысымен әр тарапқа тарайды шашыраған достардың ынтымағы мен бірлігі де көңіл толқытардай әсерлі.



Кездесуде ауялы ұстаздарымызға төрден орын ұсынып, құрмет көрсеттік. Бастауышта қолымызға қалам ұста-тырған, алғашқы ұстазымыз, әрдайымыз Нұртай Бұртыбаева, алаймен және ауданымыздың спорт саласының дамуына үлес қосып, небір спорт майдан-мандарын дайындаған тәжірибелі ұстаз Еркін Атабаев ағалымызбен бірге алып уа мектебімізге бардық. Осыдан 40 жыл бұрын табылдарың алғаш рет имене аттаған ұлмызға араға жылдар салып оралған қарлығаштай сағына келдік. Алдымыздан оқу ордасының басшылары мен мұғалімдері күтіп алып, өзіміз оқыған сыныптарды, балалық шағымыз өткен мектеп дәліздерін, спорт залын, қазіргі заманға лайық жабдықтардан оқу кабинеттерін аралапты, ілтипат көресті.

Ұстаздарымызбен бірге оқушы күнде-рімізді сағына еске алып бір жадырап қалдық. Әрқайсысымыздың өмір жолымыздағы жарың белестерімізді естіп, ұстаздарымыз да қуанып қалды. «Туыл өскен жерге, алтын уа мектепке тағсым етудің өзі үлкен көргенділіктің белгісі деп білеміз. Ұлағатты ұстаздардан алған тәлім-тәрбиенің жемісі болар. Мен осы сыныбымды мақтан етемін», – деді Назымқұл апай ағынан жарылып.

Сыныптас 40 шақты түлектің қай қай-сысы да өмірден өз жолын тапқан. Ойы зерек, талабы ерек түлектер арасында небір мамандық иелері бар: мұғалім, дәрігер, мейірімке, теміржолшы, мұнайшы, техникалық сапаның және ха-лыққа қызмет көрсету саласының т.б. меткерлері, құрылысшы, жүргізуші т.б. Қорқыт ата кешеніне зиярат етуге бара

жатып, жол үстінде осы жайттарды – бөріміздің өмірден орнымызды табуға талпынысымызды, тағдыр-талайымыз-бен бетте беп келгенде өзіміздің ада-ми күрескерлік болмысымызды ойла-дым.

Қош бол, алтын уа мектебім, білім мен тәрбиенің ошағы болған құтты ша-пырағым! Қазақ елінің жасампаз ұрпа-ғын тәрбиелеуде жан аямай еңбек етіп жүрген ауялы ұстаздар қауымы, сіздерге мың алғыс! Туған жерге туын тігіп, маңдай терін төгіп, көркіміне алуешуы үлес қосып жүрген достарым, замандастарым, сендерге де мың алғыс! Қасиетті Сыр елінің перзенті екенімді қайда жүрсе де мақтанып айтамыз.

Базаргүл ШӨРІПҚЫЗЫ,
филология ғылымының кандидаты

МАМАН

АҚПАР

1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТЕДІ?



Білім және ғылым министрінің орынбасары Шолпан Қаринова жаңа оқу жылында бірінші сынып оқушыларының білімі қалай бағаланатынын айтты.

Шолпан Қаринова 2020 жылдан бастап бірінші сынып оқушыларына баға қоймау туралы шешім қабылданып еске салды. Алайда бұл пандемия кезінде қашықтан оқыту форматына ауысумен байланысты емес. Оның сөзінше, шешім шектеу шараларының шарттарымен сәйкес келген.

– Шын мәнісінде болашақта бірінші сынып оқушыларына баға қойылмайды. Бұл мәселеге қатысты әлемдік тәжірибе де зерделенді. Көптеген жетекші дамыған елдер осылай жұмыс істейді, – деді білім және ғылым министрінің орынбасары.

Шолпан Қаринованың сөзінше, бүгүргішдер үшін критериялар бағалау жүйесі енгізілді. Ол форматты (күн сайынғы жетістіктер) және жиынтық (бөлімдер мен тоқсан бойынша) бағалаудан тұрады. – Биыл қашықтан оқыту басталғанда ата-аналар көру үшін балалардың күн сайынғы жетістіктерін тіркете отырып, сол себепті ережелерге өзгеріс енгізді: күн сайын баллмен бағалау. Бұл дәл биылғы оқу жылының ерекшелігі еді, – деді ол.

Ата-аналарды, балалар мен мұғалімдерді бағаның өзі емес, оқу жетістіктері – оқушылардың білімі қаншалықты өскені қызықтыруға тиіс, деп түгіндеді сөзін вице-министр.

КОНКУРС ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ



Мұғалімдер мен білім алушыларға арналған 175 тегін олимпиада мен конкурстың тізімі бекітілді. Олар мектепке дейінгі, бастауыш, орта, техникалық және кәсіптік білім берудің барлық деңгейін қамтиды. Бұл туралы вице-Министр Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қаринова айтты.

Енді олимпиада мектептің мәртебесіне байланысты сараланады. Себебі тізімге ауылдық, сондай-ақ мамандандырылған және жекеменшік мектептер енгізілген. Республикалық олимпиадаларға бастауыш (2-4) және орта (5-8) сынып оқушылары қатыса алады.

Сонымен қатар тізімге экология, саламатты өмір салты, цифрлық технология мәселелері сынды XXI ғасырдың проблемасын шешу-ге бағытталған олимпиадалар енгізілді. Бұл өз кезегінде оқушыларды жастайынан қоғамдағы жаңадан мәселелерді шешімін іздеп, табуға баулиды. Тегін оқушылардың өнерткіштік шығармашылық, инже-нерлік-техникалық, ақпараттық және медиа қызметке қызығушылығын арттыруға бағытталған ғылыми тақырыптағы конкурстар қарастырылған. Бұл білім алушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал етеді.

– Зияткерлік олимпиадалардың мақсаты – қабілетті даму, теориялық білім мен практикалық дағдыларды тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына жәрдемдесу, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, білім алушыларды халықаралық олимпиадаларға қатысуға іріктеу және дайындау. Айта кету керек, Білім және ғылым министрілігі өткізетін барлық жарыс, оның ішінде зияткерлік олимпиадалар да, шығармашылық әрі спорттық жарыстар да бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, – деп атап өтті Шолпан Қаринова.

Білім және ғылым вице-министрінің айтуынша, қазіргі заман ғылым саласындағы дарынды балаларды анықтауды ғана емес, сонымен қатар өнерде, шығармашылықта, IT-құрылымдарда ерекше дарынды оқушыларды іздеуді талап етеді. Сондықтан балалардың шығармашылық бағыттағы конкурстар да ұйымдастырылды. Мәселен, шешендік өнер, музыкалық импровизация бойынша конкурстар, музыкалант, суретшілер, театр өнері, хореографиялық, техникалық шығармашылық конкурстары, балалар киносы, фестивалі және кәсіби шеберлік конкурстары мен спорттық жарыстар өткізіледі. Сонымен қатар тізімге 33 олимпиада мен конкурс енгізілген. Олардың нәтижелері педагогтар аттестаттау кезінде ескерілетін болады.

СӨЗДЕН – ІСКЕ

ЖАҢАШЫЛДЫҚКА БЕТБҰРЫС

Мұндай жаңашылдықтың өскелең ұрпаққа берері көп. Мәселен, қаламызда экологиялық жобаларды жасайтын мектеп бар. №101 мектеп-лицейдің жылжымай кешенінде бірнеше өнім өндіріледі. Сондай-ақ оқушылар қатты қалдықтарды қадеге жаратып, биоотын әзірлеуге көшті. Энергия мен судың тұтыну деңгейін зерттеп, ғылыми жаңалық жасауда. Ал №261 орта мектепте оқушылар көлөнер жәрменкесін ұйымдастырып, түскен қаржыға қайырымдылық шарасын өткізеді. Мұнан бөлек, мектепте «Әкелер академиясы», «Әкелер академиясы» ашылған. Бұл мектепте басқару құқығы оқушыларға берілген. Тағы бір мектеп – кәсіпкерлер мектебі ретінде оқушыларды бизнеске бағыттады.

– Биыл Қызылорда облысының Білім басқармасының «Серіктес директорлар» лигасы құрылып, жұмыс жасауда. Мақсат – жаңартылған білім беру мазмұнын өңдеу тәжірибесіндегі ерекшеліктер мен қалыптасқан дағдыларды кеңінен тарату. Жыл бойына жоспарланған, ұйымдастырған іс-шаралар арқылы әр мектептің бағытымен, оқушы жаңалықтармен белісіп отырып. Оз мектебіме келетін болсақ, Байзақ Момынтаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицей 2015 жылы ашылған. Мамандардың көпшілігі – жастар. Сондықтан да тақырыбым – «Жас маман. Озат тәжірибе». Мектепте жаңартылған білім мазмұнының қыр-сырын үйрету, түрлі әдіс тәсілмен сабақ беру сынды, шеберлік сағаттарын өткізім. Мектептегі тренерлер және деңгейлік сатыдан өткен ұстаздардың өз тәжірибесімен бөлісуінің арқасында жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Алдағы уақытта 2021-2022 оқу жылында «Жаскерік мектеп» лиганың жобасымен жұмыс істеп отырып. Ондағы мақсат мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша даярлау, жоғарғы сынып оқушыларының жалпы орта білім алуымен қатар, белгілі бір



Аймағымызда алғаш рет «Серіктес директорлар» лигасы құрылып, қала, ауыл мектебінде 30-ға жуық директор бірігіп, түрлі бағыт бойынша жаңа жобаларды жүзеге асыруда. Бүгінде 20 бағыт айқындалып, бір мектеп өзіндік жобаларды дамытып, үздік тәжірибені өзге мектептерге тарату үстінде. Осы-лайша бір жыл ішінде 20 мектеп өз жобасын 100 мектепке енгізеді.

мамандықты игеріп шығуын қамтамасыз ету, келешек мамандығын таңдауға бағытталған кешенді іс-шаралар, – дейді №278 ІТ мектеп-лицей директоры Эльмира Азатбаева.

Ал №3 ІТ мектеп-лицейде «IT Digital» студиясы ашылды, балалар телевидение арқылы жаңалық таратуға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ оқушылар SMM, мобилиография курсы тегін оқып, 3D принтер арқылы футбол баллар мен кружкарларда таңбалар арнайы сыйлық жасап, қызы таба алады.

Лига құрамындағы №140 орта мектепте балалар ерте кезден ғылымға енуге мүмкіндік алған. Ол үшін «Метеорология»

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

КӨЛІК БАҒАСЫНДА ӨЗГЕРІС БАР МА?



Бүгінде кез келген заттың бағасы шарықтап тұр. Бір ғана мысал, әлемді пандемия шарпығанда экономика құлдырап, тауар бағасы едәуір артты. Өткен жылы наурызда бастау алған төтенше жағдай бірнеше факторларға әсер етті. Көптің арманына айналған темір тұлпарларда басым жаңалық байқалды. Сәуір айынан бастап жаңа машиналардың сатылымы тоқтады. Бұған теңге бағамының күрт құлдырауы қосылды. Сөйтіп жұрт қолдан көлік алуға көшкенде сатушылар орайды пайдаланып, машина бағасын қымбаттатып жіберді.

Мамырда жаңа автомобиль нарығы жандана бастады. Бірақ жаңа машина тапшылығы басты проблемаға айналды. Бұл жүрілген көліктердің одан әрі қымбаттауына түрткі болды. Халықтың дені 3 миллионнан арзан көліктерді қарайтыны белгілі. Бұл сомаға VA3-2114, Audi 100 (C4), Volkswagen Passat B3, Mercedes маркаларының ескі нұсқаларын қарауға болады. Әрине, еңбекпен келген қаражаттың ескі көлікке жұмсалғаны үлкен мәселе. Бірақ шаруасын жеңіл көлікпен бітіретін қарапайым халықтың жаңа машинаға қол жеткізуі екіталай екенін бүгінгі қоғам айқындап отыр. Ендеше танымал машиналардың бір жылдық баға статистикасын зерттеп көрдік

VA3-2114
2020 жылдың сәуірінде 2013 жылғы VA3-2114 орта есеппен 1 569 500 теңге болған, ал қыркүйекте құны 1 639 200 теңгеге жетті. Қазан айында шамалы (-1,1%) төмендеген соң қайта қымбаттап, 2021 жылы 1 сәуірде «төрттіктің» бағасы 1 710 500 теңге болды. Ең жоғары көрсеткіш ақпан айында байқалды. Сол кезде Қазақстанда тіркелген автокөлік үшін 1 722 300 теңге сұралған. Айта кетерлігі, Қазақстанда сатылымға шығарылған VA3-2114-тің көбі ресейлік немірмен жүр, олардың бағасы сәл арзан. Бірақ қазір олар да қымбаттап, Қазақстанда тіркелген машиналарға жақындады.

AUDI 100 C4
Өткен жылы Audi 100 C4 маркалы көлік 1 411 000 теңге болған. 1991 жылғы Audi 100-дің бағасы 12 айда 11,8 %-ға қымбаттап, биыл сәуірде 1 577 800 теңгеге жетті. Бұл модельдің құны ең шарықтаған көз – 2021 жылдың қаңтары. Жыл басында машина 1 587 300 теңгеге бағаланды. Демек C4 қазір қаңтармен салыстырғанда 0,6 %-ға арзан деген сөз.

VOLKSWAGEN PASSAT B3
B3 индексті Volkswagen Passat металоплис қалаларда сирек кездеседі. Бірақ 1991 жылы шыққан машина соңғы 12 айда едәуір қымбаттады. 2020 жылы сәуірде Passat-тың орташа бағасы 980 200 теңге болса, 2021 жылы жаз айында 1 101 400 теңгеге жетті (+12,4 %).

3 МИЛЛИОННАН 6 МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН
3-6 миллион теңге тұратын көліктер санатына Hyundai Accent, Kia Rio және Toyota Camry XV40 жатады.

HYUNDAI ACCENT
Hyundai Accent (2014 жылы шығарылған) өткен жылы 4 миллион теңгеден сәл қымбат бағаланды. Шілдеден бастап баға айына 1,4-2,2 %-ға өсіп, 2021 жылы қаңтарда 4 452 900 теңгеге жетті. Наурыз айына дейін баға осындай болды. Ал қазіргі таңдағы орташа бағасы 4 438 000 теңге болды. 12 айда Accent 9 %-ға қымбаттады.

Toyota Camry XV40
Бұл баға өлшеміндегі ең танымал Camry – 2007 жылғы модель. Былтыр сәуірдегі орташа бағасы 4 660 200 теңге болған. 2021 жылы сәуірде 5 375 100 теңгеге өсті (+15,3 %). Соңғы бірнеше айда седанның бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Kia Rio
Kia Rio да отандасы Accent-тен кем түспей қымбаттады. Бір жылда машинаның орташа бағасы 4 028 900 теңгеден 4 596 600 теңгеге өсті. Седанның құны ай сайын жоғарылап отырды, бірақ биыл наурыздан бастап сәл арзандай бастады.

6 МИЛЛИОННАН 9 МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН
Бағасы 6-9 млн теңге тұратын көліктер тізімінде де Toyota Cam-

ry бар, бірақ ол XV50 индексмен. Одан бөлек Corolla мен Lexus RX 330 кроссовері де осы баға өлшеміне.

TOYOTA CAMRY XV50
2012 жылғы Toyota Camry 12 айда 12 %-ға қымбаттап, бағасы 7 504 600 теңгеден 8 403 000 теңгеге жетті (+11,9 %). Демек миллионға жуық өсті деген сөз. Егер осы қарқынмен қымбаттай берсе, (айына +0,7 %), бірнеше айдан кейін бағасы 8,5 миллионнан асады.

TOYOTA COROLLA
2013 жылғы Toyota Corolla (E170) 562 900 теңгеге қымбаттап, нарықта 6 191 400 теңгеден саудаланып жатыр. 2020 жылы сәуір-қараша аралығында модельдің бағасы 30 мың теңгеге өскен, ал үлкен өсім былтырғы қараша мен 2021 жылғы қаңтарда байқалды. Екі айда орташа құны 6 миллионнан асқан машинаның бағасы әлі өсуін тоқтатады.

LEXUS RX 330
Lexus RX 330 – бұл тізімдегі жалғыз кроссовер. Үлгі ретінде біз 2004 жылы шыққан көлікті алдық. 2020 жылы аналитика оның орташа құнын 6 033 900 теңге деп көрсеткен. Бір жылдан соң бұл сома 6 885 800 теңгеге (13,1 %) жетті. 12 айдың ішінде машина ай сайын 0,3-тен 2 %-ға дейін қымбаттады. Тек былтыр қараша-желтоқсан айларында 3,2 % өсім көрсетті.

ОБЛЫСТА ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ҚАНША ЕСЕ АЗАЙДЫ?



Жол қауіпсіздік ережесін түсіндіру мақсатында облыста «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өтуде. Маңызды шара 16 маусымға дейін жалғасады. Бұл істе жол сақшылары ереже бұзушыларды анықтап қана қоймай, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Көшелерге қосымша жол белгілерін орнатуға ұсынысын береді.

Халық көп жиналған аумақтарда, жаяу жүргіншілер өткелдерінде еріктілермен бірігіп, жол көлік оқиғаларының алдын алу бағытында үгіт насихат жұмыстары жүргізілуде. Жалпы тұрғындардың жол ережесін білуіне және сақтауына жақсы баға береміз. Себебі статистикалық мәліметтерге сәйкес, жол көлік оқиғасы, оның ішінде жаяу жүргіншілер тарапынан жол ережесін бұзу деректері жылдан жылға төмендеуде. Ағымдағы жылдың 5 ай қорытындысымен жол көлік оқиғалары 12 пайызға, жарақат алғандар 6 пайызға азайды. Жалпы ауыр дене жарақатын алған жол көлік оқиғасы республикалық маңызы бар тас жолда орын алуда, – деді Қызылорда ОҚД басқарма бастығының орынбасары Бақыт Молдабеков.

Департамент жол көлік оқиғаларын азайту мақсатында күн сәулесінен қуат алатын диодты жарық және қозғалысты реттейтін белгілерді көбейтуге ұсыныс береді.

ТҮСКІ АСТАН ҮНЕМДЕП, КӨЛІК САТЫП АЛУҒА БОЛА МА?



РБК басылымы ресейліктердің төлем қабілетіне қатысты зерттеу жүргізді. Нәтижесінде өрлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейтін отбасы 8 ай 21 күнде автокөлік сатып алады-мыс.

Қысқаша айтқанда, біреуінің табысы ас-ауқат, киім-кешек пен коммуналды төлем жасауға кетсе, екіншісінің айлығы толығымен сандыққа салынады.

Ал енді бұл зерттеуді Қазақстанға икемдесек, біздің елдегі жағдай да осыған ұқсайтынын аңғарамыз. Біздің елде жүрілген машинаның орташа бағасы 2 миллион теңге шамасында десек, Статистика комитетінің есебі бойынша, орташа айлық 209 мың теңге шамасында екен.

Алайда айлық мөлшері әр өңірде әртүрлі. Мысалы, Атырау мен Маңғыстау облысында – 386,7 және 317,7 мың теңге, Нұр-Сұлтанда – 282,5 мың теңге, Алматыда – 238,7 мың, ал Шымкентте – 164,2 мың теңге. Дегенмен ресейлік мамандардың көңесіне сүйеніп, артық шығын шығармай, ақша жинағандар жоғарыда аталған мерзімде ескілеу болса да, жүретін көлік сатып ала алады.

СӘНДІ НӨМІРГЕ СҰРАНЫС КӨП

Қызылорда облысында автокөліктің әдемі нөміріне деген сұраныс саябырсымай тұр. Пандемияға байланысты бірқатар аймақтарда ақылы автономірлерден түсетін кіріс азайғанымен, Қызылорда өңірінде бұл көрсеткіште айтарлықтай айырмашылық жоқ.



Мәселен, соңғы екі жылда 800-ден астам қызылордалық осы тұрғыда 200 миллионға тарта қаражат жұмсаған, соның ішінде 2019 жылы – 102 миллион теңге, 2020 жылы – 96,5 миллион теңге. Жалпы облыс бойынша Мамандандырылған ҚЖО бағыты бойынша 90 526 қызмет көрсетілді, соның ішінде 78 411 көлік тіркеліп, 12 115 жүргізуші куәлігі берілген. Бұл орайда қызметтердің 80 пайызы онлайн нұсқада рәсімделген.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтерді онлайн алу үрдісі күшейе түседі деп күтілуде. Осы мақсатта түрлі қолайлы сервистер енгізіліп жатыр. Мәселен, жуырда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бастамасымен автокөлікті Kaspi.kz қосымшасы арқылы тіркеу жобасы енгізілді.

«Бұл сервис мамандандырылған бөлімде адамдардың көптігінен туындайтын қарбаласты болдырмауға өз септігін тигізуде. Қызмет алушылар үшін де тиімді болғандықтан, онлайн қызметті белсенді түрде пайдалана бастады. Мәселен, аз ғана уақыттың ішінде 50-ден астам қызылордалық көліктерін осы қосымша арқылы онлайн тіркеп үлгерді және күн сайын бұл көрсеткіш өсе түсетіні сөзсіз», – деді филиал директорының орынбасары Айдын Қайруллаев.

Сондай-ақ былтыр автокөліктің нөмірі мен техпаспортын үйге жеткізу қызметі іске қосылды. Бүгінде 65 қызылордалыққа құжаттар тұрғылықты мекенжайы бойынша жеткізіліп берілді. Бұл қызметті пайдалану үшін жаңа автокөлік иесі онлайн сатып алу мәмілесінен кейін egov.kz порталындағы «Көлік және коммуникация» бөлімінде «МТНБ мен техпаспорты жеткізу» электронды қызметіне тапсырыс беруге тиіс.




Бетті дайындаған: Е.ШӨРІБЕК

Шындап келгенде, біздің жанаңдық көзқарас және жұрттың бәрін бірдей жақсы көру деген тенденциямыз немесе адамдардың түрліне, тіліне, сеніміне, тіпті махаббат «юбектесінен» қарамастан толерантты болу, қазаша айтқанда, төзімділік таныту – құрметпен қарау деген терминді алға оздыруымыздың тереңде жатқан бір мәнісі – бұл біздің егемен елдің – өз алдына мемлекеті бар елдің азаматы екенімізді шынайы сезінуімізде болса керек. Әйтпесе өз біреудің тепкісінде жүрген елдің тап бұлай көзқарасын ашық білдірі – адамға адам сияқты қарайық деп дауыстап айта алуы есте мүмкін бе? Мәселен, осыған дейін алматылықтардың (шынымды айтсам, қызылордалықтардың бұрын-соңды бұл тақырыпты сөз еткінен естілгені) совет жылдарында өзіне деген орыстардың көзқарасы, солар бірінші емес-ау бірнеше рет баспаналы болып, қазақтың тұшайман күйде орыс кемпірлерінің пәтерлерін сағалауы, көрген құрай мен әліметтің жайында жазғандарын ғана емес, айтқандарын тыңдадық та. Апыр-ай е десіп, намыстанатынбыз. Енді осындай оқиғалардың қазақтың қаймағы делінетін Қызылордада болғаны, көрер көзге ашық қиянаттар, адамды адам құрғы көрмейтін, атып кету дегенің шыбын шаққан құрлы болмайтын бандиттік әрекеттер, соның бәрінің астарында қазақты алға оздырғысы келмейтін астамшылықтың пайың жатқанын сезіну кісің бей-жай қалдыратын нәрселер емес. Бұларды жай ғана көз жүртіп оқып шығу – ойланбай оқып шығу мүмкін емес.

Кітаптағы оқиғалардың өзін алып көрейік. Маңдайшасында «Гемеленное» «үлгілер» деген жазуы бар оқу орнындағы орыс-қазақ бөліп бөлінген жасөспірімдердің бір бірне қысықтығы, әліметтің, анығында, Степанның әкесінің сонда куратор екенін пайдалануы, іс соңымен бітсе жақсы, ақырында әкесі баласының қасын өзіне, оған ондағы жан баласы оу дей алмай, (әйтпесе сондағы балалардың басбуларлығын басшылық білмей отыр деп айта алмайсыз, оған тіпті себейбейс де) кейінкерді оқудан шығарып жіберуі, жас босқының жолын көзек қалдырып, оған қазақтар қаншалықты білмейтін болса, соншалықты наны жүретін фотосалдарығы еркінсіген ерлерілердің сен біздің арамдыда жүрген бірінші қатарың деп ашық көлемдеді – кітап кейінкерінің өліп, сол өліп бергені үшін таныс әр бейтаныс екеніңің анық дәлеліндей. Біз мұны бір адамның ғана бастан кешкен оқиғасы деп қабылдасақ, қателескен болар едік, бұл – сол замандағы бір емес, бірнеше «Гемеленное» болған тағдыры, әділетсіздікпен бетте-бет келіп, оған өліпше және мейлінше қарсы тұрған адамдар тағдыры. Өрине бірді-екілі оқиғалармен (егер солай деп айтуға келсе) бір ұлт жақсы, келесі бір ұлт жаман деп айта алмаймыз, бұл қазақ не орысқа не қарс, не татар, не еврейдің жамандығынан не жасқынлығынан емес, бұл – сол уақытта дем берген, қолтығына су бүркіп, сен – ұлы, ол – сенің қасыңда кім деген босқышылық саясаттың салпыңы, соны сезінген адамдардың бір-бірімен қарым қатынасы. Тіпті ашықтан ашық сен күлштің демей-ақ қойсың, өйтсе де соны саналы түрде сезінуге жардай жасаған «тәтті» идеологияның ащы жемісі.

Тілеген Бекарыстановтың «Қоғалық-көңілді Құлагері» кітабы жайында

Жақында Қызылорда қаласындағы «Тұмар» баспасынан журналист, жазушы Тілеген Бекарыстановтың «Қоғалық-көңілді Құлагері» деген кітабы жарық көрді. Қазақстанның Құрметті журналисі, қазақ баспасөзінде фотожурналистиканы қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан Болат Омарәлиевтің ғұмырнамалық баянын көркем сөзбен кестелеп жеткізген бұл кітап тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Кітаптағы оқиғалардың бәрі өмірде болған, ал ондағы кейіпкерлер – өмірде бар шынайы адамдар. Бұл кітап сонысымен қымбат. Бір қарағанда жай бір адамның өмір жолы сияқты көрінгенмен, астарына үңілсеңіз, атан тұйыға жүк болар замана зілін сезінуге оқу мүмкін емес. Енді осы ойымызды біртіндеп тәркаттық.



Бір оқиға есіме түседі: Алматыда балалар үйінің бірінде болғанымда ондағы кейбір проблемалардың адамдардың түсінісі алмауынан екенін аңдап, әліп аялаға енді соны неге ашық айтпайсыз дегенімде: «Олай дел алмаймын, өйткені мен ұйғырмын. Қазақ әйелі болғанымда мүлдем басқаша болар еді» дегені бар. Андағанға, оны бұлай дептіп тұрған да біздің өз алдында дербес менің екенімді білдірді. Әйтпесе бойын ашу көрнегенде ойыңдағысын ашық ақтара салуға оның ақылы жетпей тұрған жоқ дей алмаймыз. Ашуды ақылға билетіп тұрған да – Қазақ мемлекетінің айыбын, айырылы. Қоғамның бір бірне толерантты – төзімді қарауы тек қазақтар үшін ғана емес, басқа да ұлыстарға артылған жауапкершілік екенін өзге жұрттың саналы түрде сезіне басуы бұл. Иә, ойды ой қозғайды, енді «Қоғалық-көңілді Құлагері»н орайлық.

Өрнәлмен ұлыстар арасындағы (тіпті күш көшегі дүңгендер оқиғасын көре-біле тұра бұл тақырып бүгін актуалды емес деп айта алмайсыз) қатардағы жанжал деп жабға тоқи алмаймыз, мұнда тағы физика пәнінің қатынасы бар. Ол да – тип. Құдай маңдайына күрескерлік бермей, тағдыры күшкі кезінен талап тастаған қаншама таланттар бар өмірде, олардың талайлы тағдырына қоғам Құдайдай көретін мұғалімдердің қатысы жоқ па екен деп ойлансақ. Жан жарасы жазылмай қалған қаншама тағдыр көз алдыңыздан тізбектеле өтеді. Өр тағдыр – бір роман деген осы да. Бүгінде біз замандастарымызды,

әсіресе жастарды кітап оқымайды деп жазғырмаймыз. Оқып жатыр. Қандай кітап оқып жатыр? Мәселе сонда. Руханияты әлсізгерге қоғамда мылтықтың дүрсілі мен тиынның сыңыры ғана естіледі деген сөздің әдебиетке, көркем әдебиетке тікелей қатысы бар. Өйткені біздің қазіргі жастар қызығатын кітаптардың дені қалай байымын, қалай ақша табымын, қалай табыс табымын деген тақырыптардың төңірегінде. Өрине бұл болғысы келетіндерді, жағдайын материалдық тұрғыдан жақсартғысы келетіндерді жазыра алмаймыз. Ол да керек кітап. Бірақ өмірде ақшадан да маңызды дүние бар емес пе? Бала тағбиесі, әже үлгісін, әке еңбегі, ағайынгершілік, бауырмалдық... адам бойындағы адамгершілік деген асыл қасиеттің аясына кіретін жақсы мінез жаныңыңды баулар, жүрегіңді тербейді.

«Бәріміз бір бөлмеге сығылыпқашаңа, ана екінің жақтығы кішінен бөлмені неге бізге бермеген?»

– Ол қыста қозы-лақ, бұзау қамайтын бөлме ғой. Баста Қазанбай балдың да төңірегінде сонда тұршып. Біз көшпелі келгенде соны да үй қылымыз келген. Бірақ қаншама жылдан сипіп қалған қидың иісі кетпеді.

– Мен оны қалған тазалап алармын. Ақ балшықпен сыласақ, қатып кетеді.

– Оған бәрбір сіздерді жатырсабайды?

– Неге? – Қай күні әкем Шама көкеме шешей немересімен өкпеуі бізден бірге болады. Ана бөлмеге

шығарамыз деп жүрмендер. Ағайынмызды мал қамғаған жерге өлсем де жатырғасын деген...»

Бұл тұжырымда шешейдің шалы Өмірәлі өкпеуі бір әкеден тәрәйтін Сәкәттың кемірі – Зейнеп абысынына деген құрметі. Зейнептің 1942 жылдың басында соғысқа алынып, хабарсыз кеткен баласы Жүнісбай Әбушаманның немере інісі. Арқа сүйеп отырған аналарынан айырылып, Жүнісбайдың ұлы мен қызы тул жетім болып қалады да, жылдай-жылдай көзі суалған Зейнеп шешейді немересімен бірге осындайда қараспасақ, бір атадан тарағанымыз қайсы деп ағайынгершіліктің үлгісін танытып, Әбушаманның өзі көшіріп алып келген.

Көркем әдебиет не үшін жазылады? Оқырманды ойландыру үшін, көңіл-күйіне әсер ету үшін... осы мақсатты динамикалық байланыс, драмалық тартыс, ең бастысы, қызықты сюжет, т.б. көркем шығарманың мазмұнын арттыра түсетін заңдылықтар мұнда да бар. Кітап авторы бұл кітапты әңгіме, повест демеиді, ғұмырнамалық баян деп көрсетеді. Біртүрлі, бүгінгінің қазақарасымен алғанда, «қиялдың осы сөз етеді» деп көркем әдебиеттен «қашатындар» үшін нағыз керек кітап дер едік. Өйткені бұл – деректі кітап. Алып-қоспасы, артық бояуы жоқ, іш пыстырмайды. Тіпті бүгінгі ұзақ-ұзақ мәтіннен қашатын оқырман үшін оқуға жеңілдетіп, тақырыпшармен жетелеп отырады. Бір тақырыпқа бір тақырыпқа көше отырып, тұтас бір дәуірдің, заманның ішіне кіріп кеткеніңізді аңдамай да қаласыз.

Жолында жақсы адамдар кезіккен және олардың шапағатын көрген, өзі де рақмет айтуды ұмытпайтын адам келесі жолы не істейді екен, немен айналысады деген сұрақ кітапты бастан-аяқ бір деммен оқытады. Кітап жалпы көпшілікке арналған. Бір сөзбен айтқанда, мотивациялық кітапты жақсы көретіндерге арналған десек артық айтқандық емес, өйткені мұнда кейіпкер өзін өзі іздейді және өзінің сүйікті хоббиіне кәсібіне айналады арқылы табысқа жетеді, таныл болады. Жұмыс істеп жүріп демалатын, демалып жүріп жұмыс істейтін табысты адамдар тарихының дені – сүйікті іспен шұғылдану дейтін болсақ, кітаптың бас кейіпкері Болат Әбушаманның өмір өрнегі өз сүйген кәсібінен, жан қалауымен астазы, асыл мұратына жеткізгендей әсерлі.

Әдетте жолы болған, белгілі бір мақсатқа жеткен адамдардың бәрі үлкен қалада – арман қалада – Алматыда тұру керек сияқты шығару біздің шығындай көрінетін жалпақ жұрттың пірінде жақсы көрінетін нәрселер болады ғой. Ол да Алматыға шақырылады. Анау-мынау емес, атакты Шер-аға – Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиеті» газетіне шақырады. Бірақ тұған жерге таманы байланып азамат өз бақытын Сұр бойынан іздейді. Сұлу Сырдың – Сыр-Ананың тұмса табиғатын фотоөнердің арқасына айналадырады. Сыр тұған Сырдың дидарына ерекше сүйсініспен қарайды, азаматтың болмыспен үлгіледі. Оны қатардағы көп фототүсіпкен артық қылып тұрған қасиеті – ол сөз өнерінен құр алмаған емес. Өлең жазды, әңгіме жазды, демек ол өзінің туындыларына өзі тақырып қонға шебер, ондағы әрбір деталь, ірімізді, нәзіктікті жан-тәнімен сезіне алатын сыршыл суреткер. Демек, табысқа жету үшін адам сан қырлы болу керек, кәсібінің ұңғыл-шұңғылын біліп қана қоймай, оны одан әрі жетілдіру түсінігінде, бояуың қаншақтыра түсінігінде жан-жақты болу керек дейтін белгілі бір деңгейде биікке ұмтылудың жолын үндейтін бүгінгі пайымның үдесінен табылатын кейіпкер бейнесі өз алдымызда тұрады. Ол фотограф емес, ол – фотожурналист!

Сөзімізді жазушының өз сөзімен қуаттайық. «Қазақтың өзінің айтуы бойынша екі мыңдай таңдаулы фотосуреті бар ағамыз зейнетке шыққандан кейін соларды іріктеп, Facebook арқылы интернетке жариялап отырады. Олардың әрқайсысын қараған сайын, сурет туралы ағамыздың өзі жазған түсініктемелерді оқыған сайын, өзіміз бұрыннан білетін бұйрығы ағамыз бойын жазып, өңесіні тіктеп алып, азаматқа айналып бара жатты. Фотограф емес, фотожурналист болудың өңесін, өз ісін Қызақстан бойынша маңдайында мамын болу дегенің қандай болатынын енді түсіндейміз. Өр суреті – бір-бір әлем, бір-бір таңғажайып туынды.

Облыстық газетте көп жыл бірге қызмет атқарған әріптес қараңдасы Гүлжандра Жалғасов ағамыз досы, журналист-жазушы Қазі Данабаевтың сөзін мысалға келтірді: – Мынау өлең жазды, жазғандары керемет, өзіне стилі бөлек дүние».

Бір де осы сөзбен ойымызды жинақтасақ, стилі бөлек ағасы жайында жазған інінің кітабын оқып шыққан адам уақыттан жас кеттім демес.

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

АТАТҮРІК – 140

АТАТҮРІКТІҢ БАСТАМАСЫ

Мұстафа Кемал Ататүрік 1881 жылы Осман империясына қарасты бүгінгі Грекия жеріндегі Селаник қаласында дүниеге келген. Ол қоғамда даңқ қолбасшы ғана емес, болашақты болжай білген ірі қоғам қайраткері ретінде танылды. Ататүрік діни қағидалармен басқарылған Осман империясы жүйесінен бас тартып, Республика жүйесін орнатты және батыс өркениетін әкелді. Бұл оның өмірлік басты ұстанымы болды.

Тарихқа сүйенсек, оның айаласында тілшілер, фольклортанушылар, тарихшылар көп болған. Өзі жазып қалдырған кітаптары да біршама. Деректер бойынша 4 мыңға жуық кітап қалдырған. Ататүрік бұрынғы Осман империясының кезіндегі білім, экономика, құқық, т.б. барлық жүйені өзгертті. Тіпті бұрынғыдан еш нәрсе қалмады десек те болады. Бірақ бұл қырып жою, құрту емес. Мемлекетке, халыққа, пайдасы жоқ жүйелерді көре отырып, қазіргі заманның талабына сай құқықтық реформалар жасаудың бастамасы еді. Құлдық және феодализмді жүйелерді заңдар мен шариғат заңдарының күші жойып, орында қазіргі заңдарды, демократиялық билікті алып келді. Әйелдерге кең және тең құқық берді. Бұрын әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы, білім алуы, жұмыс істеуі шектелуі болса, Ататүріктің кезінде әйел қауымын жаппай сауаттандыру, оқыту, әлеуметтік мәселелерге араластыру, мемлекет қызметіне келтіру ісі қолға алынды. Ешқимді елеусіз қалдырған жоқ дегуге болады. Әкесі жас кезінде дүниеден өткен Мұстафа уақытша мектептен қол үзе де, зәректігі мен алғырлығының арқасында әскери мектепті бітірген. Мектепті үздік аяқтаған ол 1905 жылы Әскери Академияны қаттың шенмен тәмамдап, Осман империясының қарулы күштеріне қызметке келді. Бірінші дүниежүзілік соғыста Осман империясы Германиямен одақтасқан. Түрік әскери одақтастар патшалық Ресейге қолдау көрсеткен кезде бістабылуды басып алуға ұмтылған қуатты жау болып Чанакдале (Дарданелл) бұғазында кездесті. Осы соғыстан соң Осман империясы құлады. Көп кешікпей Мұстафа Кемал азаттық күресін бастау мақсатымен 1916 жылы 16 мамырда Ыстамбұлданды Андалопі өңіріне көмемен шығарды.

АТАТҮРІК ТЕГІ ҚАЛАЙ БЕРІЛДІ?

Мемлекетті қоршап алған душпандармен күресу үшін әуелі Ерузурум қаласында, кейіннен Сиваста жұмыс істеген Мұстафа Кемал 1919 жылдың 27 желтоқсанында Анкара қаласына келді. Орасан зор қайрат-қажырмен 1920 жылғы 23 сәуір күні ел парламенті (Ұлы Ұлттық Мәжіліс) ашылып, төрағалығына Мұстафа Кемал бұрауыздан сайланды. Енді дәмелі келе жатқан жас мемлекетке қарсы сыртқы және ішкі душпандар соғыс бастады. Бұған қарсы Мұстафа Кемал күллі халықты, әскерді, отаншылдарды күреске шақырады. Оның шақыруына түгел түркі халқы ұлы қосты. Осылай 3 жылды ауызбіршілікпен өткізген азаттық күресінің нәтижесінде 1922 жылдың 9 қыркүйегінде мемлекетті душпандарынан азат етеді. Осы жеңіс құрметіне Ұлы Ұлттық Мәжіліс Кемал Ататүрікке маршал шенінен кейін "Ғази" атағын берді. Кешікпей Сыртқы істер министрі Ісмет паша бастаған түрік делегациясы 1922 жылы 24 шілдеде Швейцарияның Лозанна қаласында Түркияның тәуелсіздігін қорға да, душпандар да мойындауына келісімге қол қояды. Түркия республикасы 1923 жылы 29 қазанда салтанатты түрде жарияланды. Сөйтіп халықаттық есі жүйе жоғалып, жас республиканың тұңғыш Президенті болып маршал, Ғази Мұстафа Кемал сайланды. Ол жылдар бойы солтан әрден қалжырама елдің өз жолы, дамуы үшін түбегейлі өзгерістер енгізді. Мемлекет пен халқы алдындағы еңбегі үшін Мұстафа Кемалға 1934 жылы 24 қарашада "Ататүрік" тегі (фамилиясы) берілді.

“ҒАЗИ ПАША, КӨП ЖАСА!”

Түркия мемлекетінде Мұстафа Кемал Ататүрік келген күннен бастап жастарға да көп көңіл бөліне бастаған. Мемлекетте әр жыл сайын "Балалар күні" аталып өтіледі. Ол күні балаларды 1-2 сағат Президент сарайына апарып, білім жүйесімен таныстырып, жұмыс жасатады. Ол күні Премьер-министр де, Президент те өз орындарына бастады. Балалар кісі қабылдап, қарағандарына жұмыс істейді. Яғни балаларға ел басқаруында оңай еместігін көрсетеді. Осындай тәрбиені көрген жастар Мұстафа Кемал Ататүрік қиналған уақытта да қолдау көрсеткен. Ататүрік

Быыл Мұстафа Кемал Ататүріктің туғанына – 140 жыл. Азаттық соғысының жеңілімес қолбасшысы Мұстафа Кемалдың қысқа мерзім ішінде (15 жыл) жасаған реформаларының арқасында Түркі елі мәдениет пен өркениетке ұмтылған жігерлі мемлекет ретінде әлемге танылды. Аңыз адам жайлы тереңірек білу үшін тарихқа үңілдік.



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

соңғы күндерінде бірнеше ота жасатып, Ыстамбұлдағы теңіз жағасында Дөлмабақша сарайында қиналып, ес-түссіз жатты. Сол жерге жастар қайылып келіп "Ғази паша көп жаса!" деп айқайлады екен. "Ғази дегені ардагер, паша деген әскердің бастығы, яғни "Ардагер қолбас көп жасаңыз!" деген сөз. Әл уәтінде жатқан адам тұрға, сөйлеуге шама жоқ болса да, жастардың дауысын естіп, орынан тұрып Балконға дейін барған екен. Жанындағы адамдары, дәрігерлер аң-

тан қалған. Балконға келіп, теңіз бұғазында бірнеше қайықтың үстінде айқайлап тұрған жастарға қараған ол сөйлеуге әлі болмаған соң, қайта келіп өз орнына жатты. Осындай ақ жастардың қандай тартып алғанын көруге болады. Ардада біраз уақыт өткен соң Мұстафа Кемал Ататүрік 1938 жылы 10 қарашада Ыстамбұл қаласында көз жұмды.

Аружан МИРАМҚЫЗЫ, КМУ-дың студенті

«ҚАЙСАРҒА» ЖАҢА БАПКЕР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Премьер-лиганың алғашқы айналымында сәтсіз өнер көрсеткен «Қайсарға» жаңа бапкер тағайындалды. 64 жастағы Владимир Никитенко енді қасқырларды жоғары лигада сақтап қалуға атсалысатын болады. Білікті бапкер бұған дейін қызылордалық «Қайсарды» екі мәрте жаттықтырған. Атап айтсақ, 2008 жылы тізгіні ұстап, ел біріншілігінде табысты нәтижеге қол жеткізді. Сондай-ақ 2012 жылы «Қайсарға» қайта оралып, премьер-лигадағы орнын сақтап қалуға үлес қосты. Владимир Никитенконың бапкерлік мансабы төмендегідей:

- 1991-1992 – «Химик» (Тараз);
- 1993 – «Достық» (Алматы);
- 1994 – «Ақтөбе» (Ақтөбе);
- 1995 – «Елімай» (Семей);
- 1996-1997 – «Қайрат» (Алматы);
- 1998-2000 – «Қайрат-Бұт»;
- 2001-2002 – «Атырау» (Атырау);
- 2003-2007 – «Терек» (Грозный, Ресей);
- 2008 – «Қайсар» (Қызылорда);
- 2009 – «Ордабасы» (Шымкент);
- 2010 – «Жетісу» (Талдықорған);
- 2011 – «Қайрат» (Алматы);
- 2011-2012 – «Қайсар» (Қызылорда);
- 2013-2014 – «Ақтөбе»;
- 2014-2016 – «Атырау» (Атырау);
- 2017 – Қазақстан (У 21);
- 2018 – «Тобыл» (Қостанай);
- 2020 – «Тараз».


Жетістіктері:

- «Достық» (Алматы) – Қазақстан кубогының иегері (1993)
- «Ақтөбе» – Қазақстан кубогының финалисті (1994)
- «Елімай» (Семей) – Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы, Қазақстан кубогының иегері және Қазақстан суперкубогының жеңімпазы (1995)
- «Қайрат» (Алматы) – Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері (1997), Қазақстан кубогының иегері (1997, 2000)
- «Қайрат-Бұт» – Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері (1999)
- «Атырау» (Атырау) – Екі мәрте Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері (2001, 2002)
- «Терек» (Грозный, Ресей) – Ресей бірінші лигасының жеңімпазы (2004), Ресей кубогының иегері (2004), Ресей бірінші лигасының вице чемпионы (2007).
- Ақтөбе – Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы (2013), Қазақстан суперкубогының жеңімпазы (2014)

Бапкерлік еңбегі жолында 40-тан аса спорт шеберін, 30-дан аса футболшыны Ұлттық құрама сапына даярлады. Айта кетейік, «Қайсар» ел чемпионатының 14 туынан кейін 7 ұпай еншілеп, 14 орында келеді. Дала қасқырлары 13 маусымда жаңа бапкермен «Тұранды» қабылдайды.

11 жолдаманы қоржынға салған балуандардың Олимп ойындарында олжа салатынына көпшілік сеніммен қарайды. Аталған жолдаманы тарқатып айтсақ, оның 5-еуі еркін күрес балуанының үлесінде. Бұл жерде басын ашып айта кететін жайт, жолдама балуанға емес, салмаққа беріледі. Осы салмақ бойынша Олимпиадаға кім барады оны лицензияға иелік еткен елдің өзі шешеді.

Ендіше жоғарыдағы еркін күрес түрі бойынша 5 жолдама кімдерге бұйырады және олардан недей нәтиже күтеміз? Аталған сұрақ төңірегінде сөз қозғасақ, қоржындағы бес жолдаманың бірі 57 кило салмақтың үлесінде. Оны әкелген – тегі тывалық, қазір Ақтөбенің намысын қорғап жүрген 1991 жылы туған Нұрислам Санаев. Нұрислам қазір толық бабында. Бұған дейінгі жетістігі: 2015 жылы әлем чемпионатында 5-інші орынға ие болып, Рио Олимпиадасына жолдама алғаны



бар. Бірақ 1/8 финалда грузиялық балуан Владимир Хинчегашвилиден 4:3 есебімен ұтылды. Одан кейін жұбаныш белдесуінде

үш дүркін әлем чемпионы азербайжандық Хаджи Алиевтен 10:8 есебімен ұтылды. Алиев қола жүлдегер атанса, грузин балуаны Олимпиада чемпионы болды. Рио-2016 аяқталған соң Санаевтың жоғарыдағы екі белдесуін асықпай талдаған мамандар «қазақстандық балуан жеңілмеңі» деген қорытынды шығарды. Өкінішті жағдай. Темірді қызған кезде соқпаған өзіміз кінәліміз. Салғырттығымыздың кесірінен баланың бағы байланды. Одан кейін 2018 жылы Мажарстанда өткен әлем чемпионатында осы салмақта Санаев күміс жүлдегер атанды. Финалда ресейлік балуан Заур Угуевтен ұтылды. Бұл да даулы белдесу ретінде тарихта қалды. Шын мәнінде Санаев жеңген еді.

Хош делік. 2019 жылы күрес түрлерінен Нұр-Сұлтан қаласында әлем чемпионаты өткені белгілі. Осы дүбірлі додада Санаев 57 кило салмақта белдесіп, қола

Бұл пікірді күрес мамандары да мақұлдап отыр. Жоқ дегенде қоланы қоржынға салуға қауқары жетеді.

Санаевтың басты қарсыласы 2018 және 2019 жылдары қатарынан екі дүркін әлем чемпионы атанған ресейлік Заур Угуев пен әлем чемпионатының екі дүркін жүлдегері (2018 қола, 2019 күміс) түрік балуаны Сулейман Атли. Санаев 2019 жылы елорда төрінде өткен әлем біріншілігінде осы түріктен жеңілген еді. Мұнан бөлек 2019 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2020 жылғы Азия чемпионатының жеңімпазы үндістандық Рави Кумар да оңай қарсылас емес. Сол сияқты аталған салмақта жүлдеге ие болып жүрген – АҚШ, Иран, Моңғолия, Жапония балуандары да бар.

Келесі жолдама 65 кило салмақ дәрежесіне бұйырған екен. Оны ел қоржынына салған қызылордалық сақа балуан – Дәулет Ниязбеков. Бұл спортшының жасы да әудем жерге жетіп қалды. Отыздың үстінде. Бұған дейін қол жеткізген нәтижелеріне тоқтасақ, 2011 жылы Ыстанбұлда өткен әлем біріншілігінде 55 кило салмақта қола медальға ие болып, Лондон Олимпиадасына жолдама алған-тын. Оның сыртында 3 дүркін Азия чемпионы. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен әлем чемпионатында 65 кило салмақ дәрежесінде белдесіп, күміс жүлдемен қоса Олимпиада лицензиясын жеңіп алды. Әзірге аталған салмақтағы жалғыз үміткер.

салмақта Азия чемпионы атанып үлгерді. Қысқасы, алдағы күндері осы екі балуан Олимпиада жолдамасын сарапақ сапары анық.

Қазіргі таңда аталған салмақ бойынша әлем мықтыларының көшін Ресей балуаны Заурбек Сидиков бастап тұр. Оның екі дүркін әлем чемпионы (2019, 2020) деген атағы бар. Сондай-ақ дүние жүзі мойындаған АҚШ-тың ағақты балуаны Лондон Олимпиадасының чемпионы, әлемнің 4 дүркін жеңімпазы Джордан Барроузды жуықта өз отандасы Кайл Дейк іріктеу кезінде жеңіп кетіп, жолдамадан айырды. К.Дейк бұған дейін 79 килода (олимпиадалық салмақ емес) өнер көрсетіп, екі дүркін әлем чемпионы (2018, 2019) атанған еді. Биылдан бастап салмағын 74-ке түсіріп, күресіп жүр. Бұлардан басқа, Италия атынан күресетін кубалық балуан Франк Чамизо да оңай қарсылас емес. Бұл жігіт 65 килода Рио Олимпиадасының қола жүлдегері және әлем чемпионы (2015, Лас-Вегас) атанса, 2017 жылы 70 килоға ауысып, тағы да әлем чемпионы болды. Қазір 74 килода өнер көрсетіп жүр. Осы салмақта екі дүркін Еуропа жеңімпазы атанып үлгерді.

Төртінші жолдама 97 кило салмақ дәрежесінде. Бұл лицензияны Ергали Әлішев 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен әлем чемпионатында 5 орын иеленіп қоржынға салды. Ергалидің жетістігі – Азия біріншілігінің үш дүркін (2019, 2020, 2021) жүлдегері. Бұл салмақта атайқы Абдулрашид Садулаев бар. Ол Рио Олимпиадасын 86 кило салмақ бойынша

ОЛИМПИАДА: БАЛУАҢДАР БАБЫН БАЙҚАТА МА?

Жапонияда өтетін Олимпиада ойындарының басталар күні жақын. Шілденің 23-інде Токио қаласында алауы жағылатын жаһандық жарыста елімізді спортшылары да бақ сынайды.

Қарсыластарына тоқтасақ, бұл салмақтың басты фавориті – соңғы әлем чемпионы ресейлік Гаджимұрад Рашидов. Бұл жігіттің 2019 жылы Нұр-Сұлтанда өткен әлем чемпионатының финалдық басекесінде Ниязбековті 11:0 есебімен ойсырата ұтқаны бар. Оның сыртында жапонның күшті балуаны Такуто Отогуро тағы бір мықты азербайжан балуаны Хаджи Алиев. Ол – Олимпиаданың қола

жеңіп алған. Өртүрлі салмақта төрт дүркін әлем чемпионы (Ташкент, 2014, Лас-Вегас, 2015, Будапешт, 2018, Нұр-Сұлтан, 2019) және Еуропаның 4 дүркін, Еуропа ойындарының 2 дүркін жеңімпазы. Яғни Олимп алтынынан басты үміткер. Бұдан басқа АҚШ балуаны Рио Олимпиадасының чемпионы, әлемнің екі дүркін (2015, 2017) жеңімпазы Кайл Снайдер, азербайжандық Лондон олимпиадасының чемпионы, 2011 жылы Ыстанбұл қаласында өткен әлем



жүлдегері, 3 дүркін әлем және Еуропа чемпионы 57 килодан осы салмаққа (65 кило) ауысып келді. Сондай-ақ әлем чемпионатының жүлдегерлері мажарстандық Исмаил Мусукаев пен үндістандық Баджранг Пунианы естен шығаруға болмайды. Ашығын айтқанда, Ниязбековтің қарсыласы тым мықты.

Үшінші жолдама 74 кило салмаққа тиесілі. Бұл лицензияны 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен әлем біріншілігінде қола жүлдеге ие болған шығысқазақстандық балуан Данияр Қайсанов, Даниярдың нәтижелеріне қарасақ, Азия ойындарының (2018, Джакарта) күміс жүлдегері, 2 дүркін (2019, 2020) Азия чемпионы. Бірақ бұл салмақта Қайсановтан басқа тағы бір үміткер бар. Ол жас балуан Нұрқожа Қайпанов. Нұрқожа 70 килода (олимпиадалық салмақ емес) әлем және Азия чемпионатының (2019), сонымен қатар дүниежүзілік әскерилер біріншілігінің күміс медаль иегері. 2019 жылдың соңында Қайпанов олимпиадалық салмақ – 74 килоға ауысып, Қайсановқа қарсылас атанып қоймай, былғы ел біріншілігінде жеңіске жетті. Қайсанов жарақатына байланысты күрескен жоқ. Сондай-ақ жақында 74 кило

біріншілігінің жеңімпазы Шариф Шарифов, Солтүстік Македония балуаны 2019 жылы әлем чемпионатының қола жүлдегері Магомедгаджи Нуров бар. Әлішер Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылы өткен әлем чемпионатында қола үшін тайталаста осы Нуровтан жеңілді. Аталған салмақта жүлделі болу қиын. Бірақ бәрін кілемдегі белдесулер шешеді.

Соңғы 125 килоға берілген бесінші жолдаманы жуықта Алматы қаласында өткен Азия іріктеу турнирінде Юсуп Батырмырзаев қоржынға салды. 2020 жылы Азия чемпионы. Сонымен қатар бұл салмақта Олег Болтин деген тағы бір балуанымыз бар. Ол жақында Алматыда өткен Азия чемпионатында топ жарды. Ендіше бұл жолдама үшін әлі де талас бар деген сөз. Аталған салмақ бойынша әлем мықтыларының басымда түрік опланы Таха Ақполь тұр. Таха Рио-2016-ның жеңімпазы және екі дүркін әлем чемпионы. Одан басқа Рио-2016-ның қола жүлдегері, 3 дүркін әлем чемпионы грузин балуаны Гено Петриашвили бар. Әлем біріншіліктерінде жүлде алып жүрген Иран мен Ресей балуандары да осал емес. Анығын айтқанда, біздің жігіттер үшін бұл салмақтың бәсі тым жоғары болары анық.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес байлығымыз

Таңшолпан Маратқызы көбінде қоғамдық істердің басы-қасында жүреді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ойға алған идеясын жүзеге асырмай тынбайды. Бұл қабілет ата-анасынан берілген. Қызылорда қалалық №2 сотына барсаңыз, Таңшолпан Алтынбаева мәселеніңді шешіп, кімге, қай сұрақпен жүгінуге болатынын айтып береді. Бұл да оның өзге елдерге деген жауапкершілігі болса керек. Ол көп салалы «Уағдат» Қызылорда қолдауында заңгер, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында «Құқықтау» мамандығында білім алған. Қызылорда облысы Әділет басқармасында Жастар практикасымен 6 ай тәжірибеден өтіп, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі ақсанының қабылдау бөлімінде инспектор, Қызылорда қалалық сотының іс жүргізу инспектор, Қызылорда қалалық сотының курыері болып жұмыс істеді. Бүгінде қалалық №2 соты кеңсесінің жетекші маманы.



Биыл Тәуелсіздікке – 30 жыл. Осы орайда редакция ұжымы «Тәуелсіздік қарлғыаштары» рубрикасын қолға алды. Бұл жолғы кейіпкеріміз – Таңшолпан Алтынбаева Тәуелсіздік туралы белімін білдірді. Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйыған зор бақыт. Ұлттың еркіндігі, тәуелсіздігі ту еткен бейбіт халықтың осы уақыт аралығында толғай табыстарға жетті. Мемлекетіміздің қарқынды дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Рухы биік, намысы биік бабаларымыздың ғасырлар бойы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры

ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты мұратымыз. Осындай ерекше бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап келешек көркей берсін. Патриот дегенді әркім арқалай түсінеді. Елге пайдасын тигізу үшін тәу қатарына да, ішкіне іс арқылы патриоттықты анағұрға, сөздіруге бағдарға деген ойдамын. Ал кейіпкеріміз патриоттықты өлте деген жауапкершілік деп ұғынады. «Патриот – өз Отанына адал, Отанын сүйетін, қызмет ететін, жанын құрбан етуге дайын, бәсеке шарттар мен ұлыстарға көңілділікпен қарайтын адам деп бағалаймын. Олар үшін құрметті шексіз», – дейді ол.

Шүкір бүгінде бейбіт өмір сүріп келеміз. Ата-бабамыздың арқасында ешкімге алақан жаймаймыз, тәуелді емізсіз. Өзгенің айтқанын істеп, айдауында жүрген жоқпыз. Жүрегі қазақ деп соғатын әрбір азамат Тәуелсіздіктің қадірін түсінеді. Ата-бабамыздың ерлігін асырып патриоттықты жоғары бағалайды, оларды қастерлейді. – Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес байлығымыз. Қазақстан етек-жеңін жип, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Егеменділігін алған еліміздің болу үшін қолдан келгеніне уәдесін, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызарына қарсы тұрған

жастардың жалынды рухы мен ерлігінің арқасында шаңырағы биік, көрегенсіз мемлекет болып қалыптасты. Қазіргі таңда еліміздің тұтырлы тәуелсіздігін таңыту үшін барлық ерік жігерімізді аямау қажет. Бүгінгі біз жастық және біздің барлық жастарымыз жасалған. Ойлаған ойыңды іске асыру үшін мүмкіндіктер аламын толығымен қарастырылған. Сондықтан да тәуелсіздік қуының мәңгілік тұрақталу қалы осы бізге байланысты. Өлем елдерімен көрегенсіз кен, терезесі тең болу үшін қолдан келгеніне уәдесін аяндай еңбектенуіміз қажет, – дейді кейіпкеріміз.

Мәлдір САБЫРЖАН

АЙТЫС! АЙТЫС! АЙТЫС! ЖАС АҚЫНДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

«ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ» ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті мен «Сыр үміті» қоғамдық қоры және «Қызылорда қалагерлерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ақындарды «Жастар жырлайды» атты облыстық жазба ақындар айтысына шақырады.

Өлең десе от болып жанатын, ат сүрінгенше сөз табатын көшегі шайырлардың бүгінгі ізбасарларын күтеміз!

Жалпы ережелер
Айтыстың мақсаты мен міндеті:
– Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы табысын, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдени-тарихи мұрасын насихаттау;
– Ел дамуының жаңа бағытына қозғалып жатқан нағыз аудару;
– Қазақстандық патриотизмді нығайтуға үлес қосу;
– Жас ақындарды ынталандыру, шығармашыл жастарды насихаттау;

Айтыстың шарттары:
Айтыс қатысушы жас ақындар «Сыр шайырларының» ізімен шұбырталып уйқас түрінде айтысу керек. Жыр жолдары 32 қатардан аспауы тиіс. Ақындар айтысын бағалау кезінде белгіленген тақырыпқа сәйкестік, ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы, жан-жақтылығына баса назар аударылады.

Айтыс барысында ақындар Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды оқиғалар мен ел дамуына әлсіз үлес қосқан қайраткер тұлғаларды, еңбек адамдарын бір-біріне жұмбақ етіп жасырады.

Айтыстың талаптары:
– Жазба ақындар айтысына 16-29 жас аралығындағы ақындар қатыса алады;
– Айтысқа ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

Айтысты ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:
– Айтысқа қатысушы келетін үміткерлер өз туралы қысқаша мәліметті және өлең тақырыптарын жазып бір өлеңін aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Ақындарды іріктеу 17 маусымда аяқталады.
– Айтыс барысында әр жұл төрт рет қайындасады.
– Ақындардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Айтыстың жұлде қоры:
I орын – 100 000 (жүз мың) теңге;
II орын – 50 000 (елу мың) теңге;
III орын – 30 000 (үш мың) теңге;

Редакцияның мекен-жайы:
120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

Жырласаң, жырла, жасым, өз Еліңді!

Қайынті 8 маманғық қандай?

Басын бөйгеге тігіп, сын сағатта біреуді құтқарған деп өз өмірін құрбан қылған адамдар аз емес. Мамандықты сүйіп, жақсы көріп сол салаға түскен адамдардың бәрі бірдей оның қайынтілігін ең бөлі бермей мүмкін. Ең қауіпті 8 мамандық қайыны айтсақ:

1. Орман балташысы. Бұл мамандық бітілгеннен кейін, оған қоса әлдеқандай ара және ағаш дайындайтын техникалармен жұмыс істеуге тура келеді. Статистикаға көз жүгіртсек, 2008 жылғы осы салада жұмыс істейтін 116 адам қаза тапты. Қазіргі таңда да бұл мамандықтың таңдаушылар аз емес.
2. Шахтер. Жыл сайын жұмыс кезінде орта есеппен алғанда 50-60 шахтер қаза болады. Мұндай жағдайлар көбіне өмір шығару кезінде жердің операцияларымен және бәсекемен ұлан-аспауымен өсерінен болады.
3. Өрт сөндіруші. Өрт сөндірушілердің қамауында дайындықтан өтіп, төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын үйренгеніне қарамастан, түрлі жарақаттар алу мен апатқа ұшырау мүмкіндіктері өте жоғары.
4. Көп қабатты ғимараттардың терезелерін жуушы. Бұл өте қауіпті іс және терезе жуушы міндетті түрде арнайы дайындықтан өтуі керек.
5. Билеттік жұмыс істейтін электромонтажшылар. Өте сирек кездесетін мамандық. Мұндай жоғары вольтті линиялардағы жұмыстардың көбі жананаş қолмен атқарылады.
6. Сапалар. 1998-2002 жылдар аралығында мынасызандардың жұмыстары кезінде 500-ден аса адам қаза тапқан.
7. Мұнай ұңғаларын бұрғылау. Атаптан мамандық өркінің қызынан келе бермейді. Себебі тәулігіне 12 сағат жаныштық қасиетімен ерекшеленетін материалдармен жұмыс істеу өте қауіпті. Бұған қоса бұрғылаулар жағалаудан жүздеген километр қашықта, өркіненетін ауылдар жерде жұмыс істейді.
8. Жаға күзеті және құтқару қызметі. Су апаттарымен күресу жүріп, адамдарды аман сақтап алатын құтқарулар күн сайын тәуекелді болады. Бұл операция міндетті болса да, олардың аман қалуына ешкім кепілдік бермейді.

Дайындаған Айда АЙТАБЕА



ҚҰТТЫҚТАУ

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Амангелді ауылында туған, қазір Алматы қаласында тұратын ағамыз Тұяқбай ҮСЕЙІНҰЛЫН 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Тұяқбай аға, сіз балалық шағыңызда тіршіліктің тауқыметін, тағдырдың теперішін көріп өстіңіз. Еңбектен есейіп, алысқан көрейіп, өмір ағымына іпестіңіз. Бүгінгі күнге берен болмысыңызбен, ерен бейнеліңізбен жеттіңіз. Осы жолды тек адалдықпен, айналасына шуақ шашқан таза жүрегімен жүріп өттіңіз. Таптыңыз арқасында сізді ел сыйлады. Оның күсі, жоғарғы саясатты дәргер, денсаулық сақтау ісін үздігі, ардагер-дәрігер атанып, Қарасай ауданының құрметті азаматы болдыңыз, Қарасай ауданы туралы тарихи кітапқа ендіңіз. Сіз сүрген ғұмыр – біз үшін өрнекті өнеге, көрнекті кемел үлгі. «Қарты бар үлгі, қазынасы бар» дейді қазақ, сіздің терімізде отырыңарың – ең үлкен байлығымыз. Сізді аяла келе жатқан Мелішцана қызметкерлерінің күнімен және мерейтойыңызбен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Немере-шебереніңіздің ортасында аман-есен жүре беріңіз.

Жан аға, құттық болсын 80 жасың,
Құрметтерің күн санап асқаннан.
Ұрпағың мерейіңді үстем етпесін,
Абыз жасың құшағың ашқанда шын.
Осы тойды тойлауда бұғын аймақ,
Тұрсын елде бақыттың күні жайлап.
Құдайың қуат беріп қаданың
100-ге кел, жан ағатай, күліп ойнап.

Қарындасыңыз Марал және жиендеріңіз

(3 – 10 маусым)

JULDYZ – JORAMAL

Тоқты Ұйымдастырушылық қабілетіңіз жоғары. Енді осыны дәлелдеңіз. Жұмыс уақыты боса жоғалтпаңыз, тиімді іске жұмысқа. Өзіңізді көптерден бөліңіз. Таңың таныды, қолың, өзіңізге көңіл бөліңіз. Осы аптада осы үшін сәтті болғын орынға қойыңыз. Сонымен қатар, білімділігіңізді жетілдіріп, керекті де ала таптыңыз. Жан-жақтан құрғақта қатысып, пайдалы іске кірісіңіз.	Шаян Жұмыста үлкен өзгеріс орын алғалы тұр. Мұның сізге тігізгер көрі әсері жоқ. Бастысы, бастышымен тіп табыса болсаңыз болғаны. Бұл еңең айтса, соны орындауға тиісін» деген сөз емес. Тек сізге берілген жауапкершілікті атқарған дұрыс. Ата-ананың арманын орындаңыз. Осы аптада ешкімді қырақта көп қоймаңыз. Белкім сізге тігізгер занық болмас, сәт болған жан.	Қызылқұ Болмайды. Бәрі сіз ойлағандай жоғарыдан еңең асады. Тек ұяғалы бооса еткізбенің, істеуі тиіс деген нәрсені жүзеге асырыңыз. Талантыңызды көпшілік көрсететін уақыт жетті. Достың да, дұшпаның да көз сізде болды. Бірақ бәріне де тоқтауып болу, өзіңді көрсету сізге жүксіз.	Тәуешкі Іс-әрекетіңіз өзгерді. Тәңгі етуде. Осы қалыңыңдан таймаңыз. Өмір өзгерісті талап етеді. Сондықтан да сыртқы келбетіңді өзгертіңіз. Арналы дизайнер мамандардан кеңесіңіз. Жүзіңіз, стиліңіз өзгертіңіз. Киімің өз адамың бұрыма өзгертеді. Ал іс-әрекетіңізді өз де шыңдай түсіңіз. Ізденіңіз, ала жошар құрып, өзгерістен ерекше болуға таптыңыз. Бұл сізді биік белестерге өтертеді. Мамандығыңыз жоғарылауына септігі тиіс.
Торпақ Материалдық жағдайыңыз жұмыс істеуіңізбен тікелей байланысты. Мол қаражат тапқыңыз келсе, іске кірісіңіз. Қолыңыздан бұраз шұрау келетін. Соны құрлыққа дәлелденіңіз. Көп табыс табуы емес, адал ақша табуы алдыңғы орынға қойыңыз. Сонымен қатар, білімділігіңізді жетілдіріп, керекті де ала таптыңыз. Жан-жақтан құрғақта қатысып, пайдалы іске кірісіңіз.	Арыстан Көптен бері жоғалта алмай жүрген ісіңізге қараңның көрі әсер еткені анық. Алдағы уақытта жұмысыңызды жүргізіңіз өрге басады. Сол кезде істемейді еске алып отыратын болсаңыз. Өзіңізге еректеңіз, жұмыс істеуге таптыңыз.	Сарылан Аптада сезімге ерік бересіз. Бірақ ол үшін өкінуңді қажет жоқ. Бәрі де жақсы болады. Махаббатты жаңадан ашатын уақыттың жеткені ескеріңіз. Сөзің уәдесін бер. Мұны жақын арада жүзеге асыратын жошарға енгізіп қойыңыз. Сонда ғана ісіңіз өрге басары. Алға жылқыда ұмытылты аңғарасыз. Өзіңізге еңген жаның сізге септілік әкелетін сөзсіз.	Сұқылғыш Жұлдыздар осы аптада денсаулыққа аса назар аудару керектің алға тартады. Серуендеңіз, жеміс-жидектен қоректеніңіз, қан құш жоғалтпаңыз абзал. Денсаулығың ойнауға болмайды. Өзіңді жайыс сезінісіңіз дәрігерге қараныңыз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген тәсілді қолданыңыз. Мұны ендік ұстанымыңыз деп қабылдасаңыз да болады. Жұмысыңызды кейінге шегеріңіз. Сеңімді деген серіктесіңіз уәдесін табыстанған жан болады. Кейін мәселені қолға алғып, реттеп алсаңыз.
Егіз Ғылыми жұмысың асырыптан уақыт келді. Барлығың кейінге қалдыр. Тек жошардағы шаруаны атқарыңыз. Осы аптада білім беру саласында қызмет ететіндер мен сәтсіз жағдай жандардың жұмыс болады. Жұлдыздар кез келген адамға емес беруге болмайтын айтады. Сондықтан сөзге еріп кетпеңіз. Бәрі құжат жүзінде атқарыңыз. Жұмысыңызды іспен дәлелдеңіз.	Бікеш Бұл белгіде жандардың қашанда жолы болып. Ала оныңан туды. Оның өзіндік себебі (де бар шығар. Белкім жауапкершілікті жоғары бағалау мүмкін сеңімді ақтау керектің жақсы түсінеді. Алта соңында есің достарыңмен кездесесің. Бұл сізге өткенді ой-елгенін еткізуге көмектеседі. Соңында кейінге қалдыр. Жұмысыңды біртіндеп ретке келтіріңіз.	Мерген «Менің арманым қалайда орындалу керек» деп өзіңді жігерлендіріңіз. Жошарыңызды жүзеге асыруға таптыңыз. Сонда ғана ойлаған ісің орындалды. Жұлдыздар гадероб ауыстыруға кеңес бересің. Сізге де стиль өзгерту қажет. Өзіңді өзге ғырынан көрсету үшін бұл таптырас мүмкіндік. Айналасыңа көз жүгіртп, жан-жаққа қарап шығар. Белкім сіздің серігің қасыңда жүрген шығар. Отбасы мүшесің толықтыр, үйіңді қуаншыға кенелтіп уақыт келді.	Балық Өзгерісті өзгенде күтпей өзіңнен бастаңыз. Жұлдыздар аптаны отбасыға арнауға кеңес береді. Жұмысты да ысырып тастамаңыз. Қосымша қаражат табуға қолың уақыт табуға қолың уақыт серуендеңіз. Уақытты тиімді нәрсеге пайдаланыңыз. Адамдарға көмектесің, қолдау білдіріңіз. Адамгершілікті алдыңғы орынға қойыңыз.

Таразы Сеттілік серігіңізге айналады. Аптада ешкімді

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 404-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Тарапымы: 8517
Тапсырыс: 836